

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 177 ЖЫЛ

АБАЙ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ



«Қулық саумақ,
көз сүзіп, тіленіп,
адам саумақ -
өнерсіз иттің ісі.
Дуелі құдайға
сыйынып, екінші
өз қайратыңа
сүйеніп, еңбегіңді
сау, еңбек
қылсаң, қара
жер де береді, құр
тастамайды»

(Абайдың
қара сөздері.
Төртінші сөз)

(Бұл туралы
2-беттен оқыңыз)

ДАБЫЛ!

ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІН ҚОЛДАН ӨЛТІРУ

Біз газеттің өткен немірінде отандық қорғаныс өнеркәсібіндегі қазіргі жалпы хал-ахуал туралы, оның ішінде еліміздің қорғаныс министрлігі мен қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары қауымдастығының құрамына кіретін Kazakhstan Paramount Engineering (KPE) зауыты арасындағы дау-дамай жайлы жазған едік. Сол екі ортада түрлі БАҚ бетінде қос тараптың бірін-бірі айыптаған бірнеше материалдар шығып үлгерді. Бұл төкетірес барған сайын тереңдеп, енді екіжақты ақпараттық айқасқа ұласқанға ұқсайды.



КІСІДЕГІНІҢ КІЛТІ – АСПАНДА

Қорғаныс министрлігі өзінің ресми сайтында аталған тақырыпқа қатысты сала құлаш түсінік берді. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мынаған саяды: осы тектес басқа шетелдік техникалармен салыстырғанда, зауыт өнімінің бағасы

кымбат (кестемен көрсетілген), сапасы төмен. Бүгінде сұранысы жоқ өнімді шығаратын жалғыз компания Kazakhstan Paramount Engineering болып отыр. Қару-жарақ пен әскери техникаға деген ішкі нарықтағы қажеттілік аз.

(Жалғасы 3-бетте)

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ – ӨЗІРБАЙЖАНДА



2 шілдеде Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толды. Әзірбайжанда жарық көрген «Қазақ прозасы» антологиясы осы айтулы оқиғаға арналды.

Антологияға ұлы

Абайдан бастап, 2000-шы жылдары әдебиетке келген жас әдеби ұрпақ өкілдерінен 54 қаламгердің таңдамалы шығармалары енгізілген.

Қазақстанның Әзірбайжаңдағы елшілігінің қолдауымен жарық көрген антологияның аудармашысы және құрастырушысы – белгілі жазушы, публицист, аудармашы және кинотанушы Нариман Абдулрахманлы. Редакторы – Махир Гараев.

ЕСТЕЛІК

– Қонаевтың үйіне барамыз!..

Кезекшіліктен кейін әдеттегідей түсті аударып, редакция табалдырығынан аттағаным сол еді, дәліздің арғы бетінде есікпе-есік көрші отыратын Мұғалімбай ағам тура осылай деп дауыстап, қол бұлап, өзіне шақырды.

Шынымды айтсам, күтпеген тосын жаңалық, аңтарылып қалдым. «Қонаевтың үйіне барамыз!» Әйгілі Желтоқсан оқиғасынан кейінгі «Қонаевқа шабуылдың» сәл-пәл тойтарылған тұсы болатын бұл. Ол кісі туралы қазақстандық орыс тілді БАҚ жақ ашып ештеңе айтпай да, кесіліп ештеңе жазбай да қалған. Өте бір күмәнді пауза дерсің! Мәскеу басылымдары да ояқ-астынан әлденені қыжырттып, айды аспанға шығарып «рушыл, жершіл, ұлтшыл Қонаев» туралы төпелетіп жазатын бей-берекет сын мақалалар легін сиреткен... Редакциядағы аузы дуалы ағаларымыздан біздің естігеніміз: «Мәскеудің қадалған жерден қан алып, көпе-көрінеу қысым жасағанына қарамастан, Дінмұхамед Ахметұлы атына жабылған барлық жаманат-жаладан арылып, орынсыз сыннан құтылыпты. Аққа – Құдай да жақ! Димекеңдей қолы таза жандар бұл дүниеде кемде-кем ғой...» Соған қарамастан, Қазақстан басшылығы әлі де Мәскеудің «түшкіргенін» тосып, жалтақтайтын сияқты, бір сөзбен айтқанда, мемлекет Қонаев болмысы туралы әлі де нақты бір шешімге келе алмай жатқан кезең болатын...



ҚОНАЕВТЫҢ ҚОЛЫН ҚЫСҚАН КҮН

С ол күн – 1990 жылдың 20 сәуірі еді. «Димекеннің кемпірі Зұхра жетгеміз бүгін дүние салыпты, соған көңіл айтуға барамыз». Мұғалімбай ағамның сабырмен, салмақтап айтқанынан ұққаным, қазіргі елдегі саяси ахуалға қатысты ол үйге екінші бірі көңіл айтып бара бермейді. Бірақ облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ізбасар Балтағұловтың «дәнекерлік көмегімен» біздің облыстық «Жетісу» газеті ұжымының іріктелген өкілдеріне рұқсат беріліпті. Редакциядағы теңдессіз ұстазымыз – керемет сын мақала жазудың шебері Жолдасхан Бозымбеков ағамның СОКП Орталық Комитетінің қазаққа деген теріс көзқарасының өршіп, күйіп тұрғанына қарамастан, Қазақстанда ұлтшылдық, жершілдік-рушылдық қасиеттердің жоқтығын баса көрсетіп, жазықсыз жапа шеккен Мемлекеттік университеттің (КазГУ) ректоры Жолдасбековты, кейін, халық шаруашылығы институтының (Нархоз) ректоры, ғажайып-ғалым Мамыровты ақтап «Жетісу» газетінде жазған өткір мақалаларының да әсері болды ма екен деген ой санамда жылт етті! Ақылман ағаларымыз редакция атынан көңіл айтуға баратын топқа кейінгі жас толқыннан Молдахан Мұқатаев, Көлбай Адырбеков пен осы жолдардың авторын қосуды қалапты. Жүрек аттай тулап қоя берді... «Бала, Патшаның үйіне бармыз!..» деген Мұғалімбай ағамның даусы да құлақты жаңғыртып барады!

Сонымен, сәуірдің ұмытылмас сол бір кеші.

«Жетісудың» айбарлы аға буын өкілдері – Мұғалімбай аға Жылқайдаров, Жолдасхан аға Бозымбеков, Шекербек аға Садыханов, Қожан аға Есжанов редактордың үкіметтік «АТГ» сериялы ақ «Волгасына» жайғасып, біз Көлбай екеуміз Молдахан Мұқатаев ағамның аспан түстес көк «Жигулине» мінгесіп, Виноградов пен Фурманов көшесінің қиылысындағы Қонаевтың сәмбітал аралас қарағаймен көмкерілген екі қабат үйіне Төлебаев көшесінің жағынан келіп, табан тіредік. Қас қарайып қалған. Үлкен үйдің бұрышынан алдымыздан шыққан кісіні қарақөленке болса да даусы мен сұлбасынан таныдым, облыстық партия комитетінің үшінші хатшысы Ізбасар Балтағұлов. «Ә, Мұқа, келдіңіздер ме?» деген хатшы тыпырышып дайын тұр екен, дереу жол бастады. Үйдің сыртын айналып, есіктің алдына жеткенше «Түске дейін Нүрекең келіп көңіл айтты. Сол-ақ екен, Димаш Ахметшентен теріс айналып, одағайлап келуге бата алмай жүрген бүкіл ОК-тің, Кабминнің, министрліктердің адамдары топ-тобымен келіп, есіктің алдын босатпады. Соңғылары жаңа осы әлгінде кетті...» — деп, мән-жайдан ақпарат беріп үлгерген хатшы, — Димекене «Жетісудың» журналистері келеді деп ескертіп қойғанмын» деді. Оған бәріміз үшін Мұғалімбай аға өзімізге ежелден етене таныс «Ә-әә...»-сімен жауап қатты. Қарақөленкеде екі-үш адамнан топтасып, әр-әр бұрышта сырт қарап тұрған адамдар сұлбасына иегін меңзеген Молдахан ағамның да білмейтіні жоқ, Көлбай екеумізге еңкейе сыбырлап, «комитетшілер» деді.

Өте тансық әрі бейтаныс көріністің алғашқысы — табалдырықтан ішке аттағанда сол қанатта шынысы қабырғамен бірдей үлкен бөлмеде жалғыз милиционердің отырғаны еді. Отырған орнынан тік тұрып қолын шекесіне апарды. Көшбасшымыз Балтағұловқа жасаған ізеті. Осылайша облыс хатшысының соңынан ерген бойы, тобымызбен жәйлап басып, асықпай екінші қабатқа көтерілдік.

(Жалғасы 7-бетте)



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)

97,54



DOLLAR

477



EURO

492



РУБЛЬ

7,2

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 177 ЖЫЛ

Абай күні — Қазақстан Республикасының мерекелік күнтізбесіне енген күн. 2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Үкімет Қаулысымен 10 тамыз Абай күні болып белгіленді. Содан бері біз Абай күнін атап өтеміз.

Лермонтовты казакша сөйлеткен «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі түпнұсқасымен қоса, үш тілде оқырмандар назарына ұсынылды.

Абайдың ән-күй туралы айтқан өлең шумақтары қалың жұртшылыққа нақыл сөз үлгісінде тарап кеткені белгілі. Ән мен күйдің адамның ішкі жан дүниесіне, сана-сезіміне әсері, олардың терең мәні

қалғандардың көзі қалмады. Екіншіден, оларды насихаттаушылар жоқтың қасы. Үшіншіден, зерттеушілердің назарынан тыс қалған деседі.

Қазақтың музыка тарихында жоғалды деген күйлер аз емес. Ұлы Абайдың жазған күйлері көп деседі. Бізге жеткен «Торы жорға», «Май түні», «Абайдың желдірмесі» және «Майдақоныр» атты төрт күйі белгілі.

АБАЙ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ

Осы атаулы күнге орай, 9 тамызда Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана оқырмандарға кеменгер акын Абай Құнанбайұлы шығармаларын насихаттап, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін «Абай мұрасы — халық ұлағаты» атты әдеби-сазды шара өткізілді. Бұл — Абайға деген құрмет әрі өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, акын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен кара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Шара барысында «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласындағы филиалына қарасты Мәдениет үйі жанынан құрылған «Қаламқас» вокалды тобының орындауында Абайдың: «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Мен бір жұмбақ адаммын» әндері оқырмандардың орындауында тамашаланды.

Аталған шара қазақ және орыс тілді аудиторияны қамтыды. Абайдың



жөнінде Абай жырларында жиі кездеседі. Осы ретте Абайдың әндерін білмейтін қазақ жоқ дейсің, ал күйлеріне келгенде, домбырашылардың есіне түспей, киналып қалатын кездері болады.

Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, оларды жеткізушілері мен жазып алып

Күйлерінің ішінде «Торы жорғаның» тарихына келсек: акынның талантына бас иген Дәке деген дәулетті бай кісі, акынды құрметтеп, ат сыйлайды. Абай жорғаның көз тартар сұлулығына, әсем жүрісіне сүйсініп, бірден оған «Торы жорға» деген күй шығарады. Бұл күйде ат тұяғының алысы, жорғаның сымбатты сұлулығы, шабысы, желісі, үстіндегі күміс ертоқымы мен шашбауларының сылдыры мен сынғыры, кісінегені барлығы кербез әуенде бейнеленеді — деп оқырмандар назарына экран арқылы Абайдың «Торы жорға» күйі күмбірлетілді.

Акын ел-жұртың түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану — адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі — кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де — осы. Сондықтан Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Захра ӘНУАРҚЫЗЫ



Аптаңның ұсынысы

Алтай СЕМБЕКҰЛЫ, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі көлік комитеті төрағасының орынбасары:

«Қаладағы автобус жүргізушілерінің жетіспеуіне «D» санатындағы жүргізуші көулігін алуға талаптардың жоғары болуы да әсерін тигізуде. Оны жеңілдету үшін «Жол жүрісі туралы» және «Автомобиль көлігі туралы» заңдарға толықтырулар енгізу керек. Бұл мәселе Үкімет деңгейінде бірнеше рет қаралды. Алайда жолдағы қозғалыс қауіпсіздігі мәселесіне жетекшілік ететін орган ретінде ішкі істер министрлігі бұл ұсыныстарды қолдамай отыр. Осы орайда бұл мәселені талқылау үшін ішкі істер министрлігі өкілдерінің қатысуымен кеңес өткізу керек».

13.07.2016

Сөз-Жебе



Дулат ЖЕКЕБАЕВ, оқу-ағарту министрлігі балалардың құқығын қорғау комитеті төрағасының орынбасары:

«Қайырымдылық жарияға жар салмай жасалуы керек. Көмек көрсеткен жағдайда балаларды суретке түсірудің қажеті жоқ. 5 балаға көмек көрсетіп, былай да былай фотоға түсіріп, онымен қоймай әлеуметтік желіге салатындар бар. Ондай қайырымдылықтың барынан жоғы. Себебі қайырымдылық жасаудың да жауапкершілігі бар. Ата-ананың рұқсатынсыз баланы суретке түсіруге болмайды. Бұл, бір жағынан, балаға психологиялық соққы болуы мүмкін».

Кесте



ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ОҚУ БАҒАСЫ

УНИВЕРСИТЕТ АТАУЫ	Оқудың 1 жылдық құны (ең төменгі, ең жоғары) төңгемен
Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан)	1 МЛН – 1,2 МЛН теңгеге дейін (бағытына байланысты)
Қазақ ұлттық университеті (Алматы)	1 МЛН – 1,6 МЛН теңгеге дейін (колледж түлектерін есепке алмағанда, факультетке байланысты)
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы)	816,6 МЫҢ – 1,1 МЛН теңгеге дейін (факультетке байланысты)
Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды)	337,2 МЫҢ – 579,5 МЫҢ теңгеге дейін (қашықтықтан немесе күндізгі оқу түріне, қай оқу жылы мен факультетке байланысты)
Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе)	495 МЫҢ – 680 МЫҢ теңгеге дейін (факультетке байланысты)
Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент)	500 МЫҢ ТЕҢГЕ
Тараз аймақтық университеті (Тараз)	396 МЫҢ – 420 МЫҢ теңгеге дейін (факультетке байланысты)
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (Орал)	285 МЫҢ – 430 МЫҢ теңгеге дейін (факультет пен мамандыққа байланысты)
Орталық Азия Инновациялық университеті (Шымкент)	300 МЫҢ ТЕҢГЕ
Шымкент университеті (Шымкент)	250 МЫҢ – 300 МЫҢ теңгеге дейін (мамандыққа байланысты)

Дереккөзі: ЖОО прайстары, БҒМ

Әлеумет.т⁰

«ҮЙТЕМІЗ ДЕ БҮЙТЕМІЗ»

Бұл күндері жергілікті басшының тұрғындармен кездесуі көп. Жоғары биліктің «әкім халқына жақын болсын» деген ниеті құптарлық һәм қуанарлық. Толып жатқан тауқыметті жұрттың өз аузынан естіп, мәселенің қашан, қалай шешілерін нақты айтуы тиіс атқамінер. Бұдан бұрын берген уәдесін орындағанын, егер орындамаса, себебін де. Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысындағы жырға айналған жолға қатысты мақала жарияланғанда Үкіметке тапсырма берді. Премьер-Министр шұғыл түрде сол өңірге барып, жол жайымен танысты, мәселені шешуге қозғау салды. Әлихан Смайлов халықтың атқарушы биліктің жұмысынан нақты нәтиже күтетінін айтып еді.

Қисынға салсақ, атқарушы билік өкілдерінің бұқарамен жүздесуі (*БАҚ арқылы да*) осындай сипатта, қазіргі тілмен айтқанда, форматта болуы керек. Цифрлық даму министрі сөзінде тұрып, шалғайдағы ауылды интернет жүйесіне қосып, көптен күткен қуанышты сол елді мекендегі ағайынмен, әсіресе, онлайн оқу кезінде биік төбені іздеп кететін мектеп оқушыларымен бірге бөліссе. Сол жерде еліміздегі барлық ауыл «жылдың аяғына дейін түгел интернетке қосылады» деп уәде берсе.

Оқу-ағарту министрі үш ауысыммен білім беретін немесе апатты жағдайдағы мектептерді аралап, ақуалды көзбен көріп, дәптеріне түртіп алса. Содан кейін сол өңірдің әкімімен бірге дереу іске кірісіп, шәкірттер жана да жайлы, пеш жақпайтын ғимаратқа барып, білім нәрімен сусынды. Министрдің мәртебесі көтеріліп, оқушы мен ата-ананың алғысы мен шынайы ризашылығы кабинеттен шықпай-ақ жасалатын кез келген рейтингтен басым түсер еді.

Экономика мен сауда министрлері кезекті брифингті шекер шығаратын зауытта өткізіп, оған журналистермен бірге қант қызылшасын өсіретін дикандарды шақырса, биылғы тәтті тапшылығының себебі мен импорттан құтылу жолында атқарылып жатқан шаруа жайын баяндаса. Қымбатшылықты қолдан жасап, байып қалғысы келген ашкөз саудагер мен кәсіпкердің атын атап, түсін түстеп берсе. Жұрт сонда орайлы сәтті пайдаланып, айкайға қиқу қосатын белсенді мен блогерге емес, шенеунікке көбірек сенер еді.

Әкім мегаполис-қалада тұрса да, талай жылдан бері тіршілік нәріне қол жеткізе алмай жатқан алматылықтарға жоспар бойынша құрылысы 1 шілдеге дейін аяқталуы тиіс су тазарту стансасының неге салынып бітпегенін тәптіштеп түсіндіріп берсе. Жұрттың жанайқайын ескере отырып, «Қарғалы стансасын күзгі суық келмей тұрып салып бітіреміз» деп шаһар басшысы ретінде сөз берсе. Сонда биылғы шілденің шіліңгір аптабында не ішуге, не қол жууға су таппай, әбден мазасы қашқан Наурызбай ауданының мындаған тұрғыны мәселенің мәнісіне қанығар еді. Олар әзірге «Егер су көзі жоқ болса, онда неге екі жыл бұрын көше атаулыны қазып, құбыр төселді?» дейтін орынды сауалға жауап таппай жүр. Қалаға қосылғанына 10 жылға жуықтап қалған ауданға әлгі станса аздық етеді.

Өткен жылы әкімдік халықпен кездесуде Ақсай өзені бойында су тазарту қондырғысының құрылысы биыл басталатынын хабарлаған. Биылғы есепке сүйенсек, ауданның осы бөлігін мекен еткендер таза суға тек 2025 жылы қол жеткізуі мүмкін. Оған дейін бірден ғып амалдауға тура келеді. Осы арада «Әкімдік аудандағы ең өткір мәселе — су проблемасын жіті зерттеп, неге екі стансаның құрылысын қатар бастамады?» дейтін тағы бір қыршаңқы сұрақтың құлағы қылтылды.

Өкінішке қарай, келер шақпен сөйлейтін атқамінердің есебі мен түсініктемесінде сан (*цифр*) мен пайыздық көрсеткіштен, «болады», «жасалады», «үйтеміз де бүйтемізден» көз сүрінеді. Жұртқа аспандағы қаздың сорпасына ұқсайтын құрғақ уәде емес, нақты нәтиже керек боп тұр.

Срайыл СМАЙЫЛ

КЕШЕ

Айдын КЕРІМБЕК, Алматы қаласы табиғи қорлар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары:



«Алдағы екі жылдың ішінде Алматыда көпқабатты автотұрақ салынады. Қазір оған жер босатылып, есеп-қисабы жасалып жатыр».

13 шілде, 2016 жыл

БҮГІН



Ерболат ДОСАЕВ, Алматы қаласының әкімі:

«Жыл соңына дейін Алматы қаласында көпқабатты автотұрақтар салу бағдарламасын ұсынбақпыз. Бұл аулақтарды ішінара босатады. 2023 жылы біз жеке инвесторлармен жұмыс істей бастаймыз».

11 тамыз, 2022 жыл

Дабыл!

(Басы 1-бетте)

Сондықтан бұндай өнім шығарушы өз өнімін әртараптандырып, оны экспорттау бағытын ұстануы керек. Қорыта айтқанда, «Қорғаныс ведомствосы үшін негізгі басымдық жауынгерлік әзірлікті нығайту және қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін атыс күшін арттыру болып табылады» делінген ресми мәлімдемеде.

Екінші тараптын уәжін тындау үшін Қазақстан қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары қауымдастығының атқарушы директоры Найзабек Олжабайұлымен кездестік. Оның айтуынша, кәсіпорын құрылған кезде қорғаныс министрлігімен меморандумға қол қойылғанын, қазір оның орындалмай отырғанын айтады. Бірізді әскери-

жатқанына, ал өнімнің сызбасын жасайтын конструкторлық бюрода білікті, жап-жас қазақ жігіттерінің отырғанына куә болыпты. А.Шораев осындай зауытқа қолдау көрсетудің орнына оған түрлі кедергілер жасап, қорғаныс өнеркәсібін қолдан өлтіруге үзілді-кесілді қарсы шықты.

Белгілі экономист Олжас Құдайбергенов те қорғаныс министрлігінің жауабына қайран қалғанын жазады. Сөзбе-сөз келтірейік: «Мұндай өндірісі бар елдер оған қолдау көрсетуге тырысады, ал жоқ болса, оны құруға ұмтылады. Оның үстіне, қару-жарак шығаратын өз өндірісінің болуы ұлттық қауіпсіздікті нығайтпақ, ал оларды шетелден сатып алу басқа елдерге тікелей тәуелді етпек. Бірақ қорғаныс министрлігі не істейді? Ол елдегі жалғыз әскери көлік өндірушіге қарсы шығып, манипуляциялық сипаттағы және

ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІН ҚОЛДАН ӨЛТІРУ



техникалық саясаттың жоктығынан, қорғаныс министрлерінің жиі ауысуынан өндірістік жоспарлар да қайта-қайта өзгере берген.

Бұрынғы қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев кезінде бронетранспортерлерді Ресейден сатып алатынын ашық айтқан екен. «Енді жана министр Руслан Жақсылыков болса тура біздің елде шығатын машиналарды түріктерден сатып алмақшы», — дейді таусыла Н.Олжабайұлы.

Зауыт жылына 300 бронды жауынгерлік машина жасауға қабілетті. Алайда ол жылына өз қуатынын 10 пайызына да жетпейтін көлемде жұмыс істеп келген. Қазір мемлекеттік қорғаныс тапсырысы кәсіпорын қуатынын 2 пайызын ғана құрайды. Қысқасы, кәсіпорын ешқашан толық қуатымен жұмыс істеген емес. Ал сарапшылардың пікірінше, Қазақстан армиясындағы өткен ғасырда шығарылып, ескірген техника паркi бүгінде толық ауыстыруды қажет етеді.

Заманауи кәсіпорын сыртқы сауыты V төріздес машиналарды шығарады. Ол минаға тап болғанда жойқын жарылыс күшінің қуатын жан-жаққа бағыттап, іштегі экипаж аман қалады. Ал БТР мен «Хаммерлердің» табандары жалпақ, сол себепті мина жарылса, адам шығыны болмай тұрмайды. Н.Олжабайұлының ойынша, қорғаныс министрлігі отандық және шетелдік әскери техникалардың бағаларын салыстырғанда цифрларды «ойнатады». Әйтпесе, минаға төтеп беретін қазақстандық MRAP машиналары өзімен деңгейлес шетелдік өнімдерге қарағанда әлдеқайда арзан көрінеді.

Сырттан әскери техника сатып алу, біріншіден, қымбат. Екіншіден, оны үнемі күтіп-балтау үшін де ертен біреуге күніміз түседі. Үшіншіден, қосалқы бөлшектерді сатып алу тағы бар. Кісідегінің кілті аспанда екенін ескерсек, бәрі айналып келгенде Қазақстан қазынасына қымбатқа түспек. Өз елімізде сондай зауыт бола тура, неге шетелге алақан жаюға құмармыз осы?

КРЕ ЖАБЫЛСА, КІМНІҢ ЖЕРІ КЕҢІДІ?

Қазір аталған дау-дамай әлеуметтік желілерде де қызу талқыланып, әртүрлі пікірлер айтылуда. Белгілі қоғам қайраткері Арман Шораев өзінің Facebook парақшасында жыл сайын жемқорлық бабы бойынша қазақстандық генералдар мен офицерлердің топ-тобымен түрмеге тоғытылып, нәтижесінде еліміздің қорғаныс қабілетінің орасан зор зардап шегіп отырғанын жайып салды. Сонымен қатар ол сапасы жоғары шведтің болатынан бронды машиналар шығаратын отандық зауытқа барып, бәрін өз көзімен көргенін айтты. Кәсіпорында тек жергілікті мамандардың жұмыс істеп

Google дәуірінде оп-онай жокқа шығаруға болатын кәсіби сапасы төмен мақалаларды жариялайды. Мұндай әрекеттің астарында не жатыр? Білмеймін».

Сондай-ақ О.Құдайбергенов егер дұрыс салыстыруды жүргізуге қорғаныс министрлігінің құзыреті жетпесе, барлық экономикалық есептерді жасауға өзінің көмектесетінін, тіпті техникалық мамандардың жұмысына ақы төлеуге де дайын екендігін айтады.

Н.Олжабайұлы мынадай қарапайым мысал келтірді. Егер 100 долларға сырттан техника сатып алсақ, сол ақша түгелдей шетелге кетіп, кері қайтпайды. Ал отандық өнімге төленген 100 доллардың 72 центі өзімізде қалып, ел экономикасына қызмет етеді. Өйткені зауыт 72



пайыз жергілікті өнімдерді пайдаланып отыр. Ал 28 цент қажетті бөлшектерді сатып алуға жұмсалады.

Қорғаныс зауыты өкілдерінің индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевқа да өкпелі. Өз өндірісін өрге сүйреудің орнына сырттан өзге елдің өнімін алып келудің не қажеті бар?

Қазір тілге тиек болып отырған отандық әскери зауытта 250 адам және жауынгерлік көлікке арнап әйнектер, орындықтар, пештер т.б. қосалқы бөлшектер шығаратын кәсіпорындарда тағы да 3000 адам еңбек етеді екен. Егер ертең зауыт жабылса, осынша адам отбасымен бірге жұмыссыз, далада қалады деген сөз.

Бізді де бірнеше сұрақтар мазалайды. Мысалы, Қазақстанда «өзім дегенде өгіз қара күшім» деген қанша неге жұмыс істемейді? Отандық қорғаныс зауыты жабылса, кімнің жері кеңиді?

Абзал ИБРАГИМ

Тіл – тірек

Тіл – мемлекеттің тірегі, тәуелсіздіктің баянды қазығы. Тілі жоғалған халық ұлт ретінде жылдам жұтылып кетеді. Біз белгілі тіл жанашыры, ақын һәм сазгер, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздік қызметкері, Халық мұғалімі, Алматы облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Талғар аудандық филиалының меңгерушісі Камнұр Тәлімұлымен сұхбаттасып, тіл саясатын дамыту, қазақ тілін реформалау мәселесіне қатысты бірқыдыру сауалдарымызды қойдық.

Жас qazaq: Өзініз басшылық жасап отырған орталық қашан құрылған және оның қазіргі тынысы туралы қысқаша әңгімелей кетсеңіз.

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: Біздің бұл тіл үйрету орталығымыз әу баста 2007 жылдың сәуір айында, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарайтын «Талғар аудандық мемлекеттік тілді оқыту орталығы» болып ашылған еді. Сол оқыту орталығының тізгінін алғашқы қолға алған күннен бастап, ең бірінші кезекте аудан мен қала аумағындағы барлық мемлекеттік қызметшілерді курсқа тарттық. Нәтижесі жаман болған жоқ. Себебі ол жылдары дәл бүгінгі күндегідей емес, мемлекеттік тілге деген сұраныс пен ұмтылыс та, құлшыныс та анағұрлым алда еді. Ана тілімізге деген мейлінше ықылас пен

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ, ЕЛДІКТІҢ ЕРТЕҢІ

құрмет бар болатын. Небәрі 150-ге жуық аудандағы мемлекеттік қызметшілерді ғана емес, барлық бюджеттік мекеме қызметкерлері мен ниет білдіруші жекеменшік кәсіпорындар мен жеке тұлғаларды да қамтып, бастауыш, жалғастырушы, орта, ортадан жоғары, жоғары деген деңгейлерде бірнеше топтарды оқытып, нәтижесінде анықтама, сертификат пен куәліктерін тапсырып, қазақ тілінен білімдерін көтердік. Сонымен қоса, облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен аудандық мәдениет бөлімдерімен жоспарды бірлесе жасай отырып, аудан мен облыс көлеміндегі тілге қатысты барлық мәдени іс-шараларды бірге атқарысып, сан түрлі жарыстар мен конкурс, байқау шараларына да жетекшілік жасады.

Алайда бұл жақсы үрдісіміз орта жолда үзіліп қалды. «Кейіннен ашылған мекеме ең алдымен қысқартуға тиіс» деген қағидаға сүйеніп, 2014 жылғы тіл оқыту орталығы қысқартуға түсіп жабылды. Бұлай айтып отырған себебіміз, қысқартпауға да болатын еді. Өйткені тіліне жанашырлық танытқан көп аудандар орталығын сақтап қалды. Ай мен күннің амаында тіл оқыту орталығының жабылып қалғандығын намыс көріп, ең болмаса, аудан жұртшылығының ой-санасынан туған тілге деген сүйіспеншіліктің сәулесі өшіп қалмасыншы деген ниетпен «Тіл-Ғұмыр» деген жеке орталық ашып, 2019 жылға дейін табаны күректей бес жыл бойы бір тиын жалақысыз жұмыс жасағанымызды да аудан жұртшылығы жақсы біледі. Осы тұста айта кету керек, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы мен аудандық мәдениет үйінің сол тұстағы директорына айтатын алғысымыз шексіз. Себебі ол кісілердің тілге деген ерекше құрметі болғандықтан да, бізден бір тиын қаржы талап етпестен, орталық мәдениет үйінің ғимаратынан орын берді. 2017 жылдан бастап еліміз бойынша «Латын әліпбиі негізіндегі жана қазақ алфавитіне көшу» мәселесі жиі талқыланып, күн өткен сайын қарқын ала бастағанын білеміз. Осы тұста Алматы облысының сол кездегі әкімі Амандық Баталов басқа өңірлерде штаттық кестелерді біріктіріп, барынша қысқарту жүріп жатқанына қарамастан, Алматы облысынан материалдық-техникалық базасы жаңаша құралдармен жабдықталған кемінде екі жарым немесе үш штатымен бірден он орталықтың ашылуына пәрмен берді. Міне, сөйтіп біз «Алматы облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Талғар аудандық филиалы болып қайта құрылды. Сөйтіп 2019 жылдың тамыз айынан бастап іске кірісіп жатқан орталықтың жұмысы бұрынғысынан бірде кем емес, анағұрлым ауқымды әрі пәрменді жүргізілуде.

Орталығымыздың негізгі қызметі — жана әдістер мен инновациялық технологиялардың негізінде мемлекеттік бюджеттік қызметкерлер мен өзге де тұрғындарға мемлекеттік тілді оқытуды негізге алып жұмыс істейді.

Негізгі мақсатымыз — «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Занын,

тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру. Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін дамыту. Аудармашылар мен іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізетін мамандарға, қазақ тілін үйрететін үйірмелерге көмек қолын созып, пайдалы кеңестер беріп отырады.

Жас qazaq: Тілді дамыту, өркендету жолында ашылып жатқан бағдарламалар да, басқа да шаруалар жетерлік. Мемлекеттің қолдауы да бар. Істі жүзеге асыру механизмі дұрыс жүріп келе жатыр ма?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: Сұрағыңызға мәймөңкелемей бірден тура жауап берейін. Мен осы тіл маманы әрі көп жылғы тіл жанашыры ретінде айтсам: «Онай сөз ғой Отанды сүйем деген, Іс біте ме,



сүйемін, күйем деумен» деп Мұқағали ағам айтпақшы, осы тілді «дамытамыз», «өркендетеміз» деп құр даурығып бос сөзді ұрандағанды ұнатпаймын.

Ең бірінші ана тілін жетік меңгермеген қазақтар өзіміз дұрыс сөйлеп үйренейікші. «Тілімізді дамытамыз» деген тіркестің өзі дұрыс емес. Біздің тіліміз, құдайға шүкір, онсыз да дамыған тіл. Сол дамыған тілімізді дарыта алмай жатқан жоқпыз ба? Әсіресе, ана тілін сол анасының уызына қанбаған, әлжуаз ұрпақтың ойына, бойына дарытып, санасына сіңіре алмай келе жатқан келенсіздігімізді мойындап, сол кемшілікті жою жолында күрес жүргізуіміз керек.

Академик-жазушы әдебиетіміздің классигі Ғабит Мүсіреповтің «Халқының жүрек отын сөндіріп, ой жарығын өшіріп тастаған хандарға рахым болмау керек. Ана тілін ұмытқан адам — өз халқының өткеніне де, болашағынан да қол үзеді» деген қанатты сөзі қай-қайсымыздың болса да ойымыздан өшпей, санамызға сәуле шашып тұруы керек.

Жас qazaq: Бұдан былай бірінші сыныпта бала тек бір тілде ғана оқиды. Осыған орай көзқарасыңыз қалай? Құптайсыз ғой?

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ: Әрине, құптаймын. Құптағанда да қос қолымды көкке көтеріп қуана құптаймын. Ол әуелден тарихи да табиғи талап ішкі сұраныс бойынша солай болуы керек. Кеңес дәуірінің өзінде шет тілі тек бесінші сыныптан бастап қана, неміс, француз, кейіннен ағылшын тілдері оқытылатын.

«*Ботен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бишарасы*» — деп дана Абай айтпақшы, оқушыларымыздың ұлттық ойлау қабілетін өсіріп, ой-санасын тұнытып барып, бөгде тіл мен бөтен сөздерін бесінші сыныпты бітіргеннен кейін үйретсек те, ештенеден құр қалмаймыз. Бүкіл әлемдік деңгейдегі білім стандартында да солай.

Ең алдының дамыған елдің қатарынан орын алған жапон елінде де бесінші сыныпқа дейін бірде-бір тіл оқытылмайды. Әуелі тіл тұрмақ баланың басын қатыратын неше түрлі пәндер де оқытылмайды екен. Онда алғашқы төрт жыл бойында жапонның тілі, жапонның салты, жапонның дәстүрі, жапонның тарихы оқытылады. Міне, осыдан Жапон халқының қай саладан болса да, қатардан қалғанын көрген жоқпыз ғой.

Осы мәселенің төңірегінде ой қозғағанда, өзіміздің замандаспыз, ұлты үшін өзгеше қызмет істеген белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың «Қазаққа қатысты мәселелердің шешімін таппай тұрып, шын мәнінде тәуелсіз, демократиялық құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Қазіргі заманғы ұлт ретінде өзін сақтап қалу үшін де қазақ мемлекеттігі керек. Ұлттық даму — мемлекеттің қандай идеология ұстануымен байланысты» деген сөзімен дара байлам жасасам деймін.

Сұхбаттасқан Қуаныш РАХМЕТ

MEGAPOLIS

Даму

Шымкентті жаңа өркеніет биігінде қарыштап дамытуда ең әуелі оның жол инфрақұрылымын барынша өркендету міндеті тұр. Қазіргі таңда қаланың әлеуметтік-экономикалық, инфрақұрылымдық ахуалы үшін ең маңызды мәселенің бірі – жол сапасы мен көшедегі көлік қозғалысын реттеу. Биыл Шымкент қаласында жол құрылысы бұрын-соңды болмаған қарқынмен жүргізіліп жатыр.

Ағымдағы жылы Шымкент қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 190 нысанда жол-құрылыс жұмыстарын жүргізуді жоспарлапты. Нақты қандай жұмыстар екенін басқарма басшысы Ержан Жолдасовтың өзінен сұрағанды жөн көрдік.



Ержан ЖОЛДАСОВ, Шымкент қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы:

ҚАЛАДАҒЫ ЖОЛДАРДЫҢ САПАЛЫ БОЛУЫ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

— Ержан Жаксылықұлы, Шымшаһардың жол құрылысы бұрын-соңды мұндай жөндеу көрмеген деп айтып жүрсіздер ғой. Шынында да, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Сол тірліктерге нақты тоқталсаңыз.

— Иә, биылдыққа 190 нысанда жол-құрылыс жұмыстарын жүргізуді жоспарлағанбыз. Оның ішінде: 2 нысан жолайрықтың құрылысы (*Рысқұлов-Қонаев, Бәйдібек би-Арғынбекова*) 13 нысанда жаңа жолдардың құрылысы (*Қонаев 1,2,3,5,6 кезеңдері, Оңтүстік, Шығыс айналма жолы, Самал-1,2,3 кезеңдері, Өтегенов көшесінің 1,2 кезеңі жол құрылыс жұмыстары*), 5 нысанда қайта құру жұмыстары (*А-2 2,4,7,8 кезеңдер, Адырбеков көшесі*), 3 нысанда күрделі жөндеу (*Ақжайық, Қайтпас, Тассай «Әлемтрансжол» шағынаудандарын және Қошқар ата өзені арқылы өтетін 2 көпірді күрделі жөндеу*).

Қаланың магистралды көшелері мен ішкі орам көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары 308 көшеге жүргізілуде.

Осы жылғы ірі нысандар бойынша Қонаев даңғылы 3 кезеңі, Қонаев-Рысқұлов жолайрығының құрылысын және Самал-1,2,3, шағынауданындағы жол құрылыс жұмыстарды аяқтау жоспарланған.

Күрделі жөндеуден 3 нысанның құрылысы да осы жылы аяқталады.

Орташа жөндеу жұмыстары бойынша, бүгінгі таңда ұзындығы 155 шақырым болатын 80 нысанда жұмыстар аяқталды, қалған 72 нысанды тамыз айының соңына дейін толық көлемде аяқтау көзделген. Оның ішінде магистралды 10 көше бар.

— **Үшінші мегаполисте өткен жылы 309,6 шақырым жол жөндеу жұмыстары жүргізілген екен. Биыл ше?**

— Шымкентте былтырғы жылы 309,6 шақырым жолға жөндеу жұмыстары жүргізілсе,

— Сөзіңіз аузыңызда, тұрғындар, оның ішінде өзіміз де бармыз, Бәйдібек би көшесінің ашылуын асыға күтіп жүрміз. Оны ашуды қашанға жоспарлап отырсыздар?

— Арғынбеков көшесінің бір бөлігін күзде ашамыз деп жоспарлап отырмыз. Жоба 2023 жылдың аяғында аяқталады. 3 қабатты жолайрық болады. Сол себепті, қала тұрғындарынан түсіністікпен қарауын сұраймыз. Біз барынша жол кептелісін шешу мақсатында, құрылыс аяқталмаса да, рет-ретімен жолдарды ашуды көздеп отырмыз. Бұл мектеп емес, жауып тастап, аяқтап кейін 100 пайыз пайдалануға берілетін. Сондықтан кезең-кезеңімен бір жерін жапсақ, бір жерін ашып, жұмыс істеп жатырмыз. Біз қаладағы жолдардың сапалы болуы үшін жұмыс істейміз. Бұл, бір жағынан, шаһар экономикасын дамытуға үлес қосу. Екінші жағынан, әлеуметтің жағдайын жасау. Өйткені қала тұрғындарын үйіне жеткізетін — жол.

Үлкен жұмыстың бірі — ол инженерлік инфрақұрылымды аударып өткізу. Бүгін жасамасақ, кейін қиындау болады. Өйткені қаламыз күн сайын өсіп жатыр. Күн өткен сайын көліктер еселеп артуда. Бұл ретте жолайрықтардың құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Үш деңгейлі жолайрық құрылысы 2022-2023 жылдар аралығында қаланың көлік қозғалысын реттеудің кешенді жоспарына сәйкес жүзеге асады. Нәтижесінде аталған көшелердің көлік өткізгіштік деңгейі екі есеге артпақ.

Естеріңізге сала кетейік, жолайрықтың Бәйдібек би бойындағы көлік қозғалысы 6 шілде күні жабылған. Жоспарға сәйкес, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде Бәйдібек би даңғылы



осы жылы жалпы 361,1 шақырымды құрайтын 190 нысанға жол жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Оның ішінде: құрылыс және қайта құру жұмыстары 67,4 шақырым жолға жүргізіледі, күрделі жөндеуден 19,3 шақырым жол, орташа жөндеуден 261,1 шақырым, 122,7 шақырым жолға шағал тас төсеу жұмыстары жыл соңына дейін.

1-жартыжылдық қорытындысымен 91 нысан немесе 188,3 шақырым көшеде жөндеу жұмыстары аяқталып пайдалануға тапсырылды. Оның ішінде 19,3 шақырым күрделі жөндеу, 169 шақырым орташа жөндеу, 10 шақырым магистралды көше, 159 шақырым ішкі орам көшелері.

Жыл соңына дейінгі жоспарлы жұмыстардың аяқталуы нәтижесінде қала аумағындағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 67,4 пайызға жететін болады.

Қала әкімі жұмыстардың сапалы орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырған болатын. Бәйдібек би даңғылы мен Арғынбеков көшелерінің қиылысында жүріп жатқан жолайрық құрылысының техникалық сипатына орай Бәйдібек би даңғылында 700 метр, Арғынбеков көшесінде 921 метр көше аралығы құрылыс аумағына енген. Жоба бойынша ені 80 метрлі төрт-алты жолақты автомагистраль салынып, жол жиегіне жаяу жүргіншілер және веложол төселмек. Қазіргі уақытта аталмыш құрылыс нысанында Арғынбеков көшесі бойымен тіреу қабырғаларын орнату жұмыстары жүргізілуде. Ал Бәйдібек би даңғылында көпір өткелі конструкциялары орнатылуда.

Бүгінде қаланың құретамыры саналатын Арғынбеков көшесі мен Бәйдібек би даңғылының қиылысында жолайрық құрылысы жүргізіліп жатыр.

бойымен солтүстік бағытта көлік қозғалысы жартылай ашылады. Ал оңтүстік бағытта көлік ағыны Арғынбеков көшесіне бұрылып Байтұрсынов көшесіне қарай өтеді.

Көлік қозғалысы үшін Арғынбеков көшесіне альтернативті магистралдар ретінде Рысқұлов және Төлеметов көшелері белгіленген. Бәйдібек би даңғылына альтернативті көше ретінде Бәйтереков, Шаяхметов және Өтегенов көшелері белгіленген.

— **Шымкенттің Қонаев даңғылының құрылыс жұмыстары не болып жатыр? Тым ұзаққа созылып кетпеді ме?**

— Қонаев даңғылы құрылыс кезеңдері жіті бақылауда. 2 кезеңіндегі құрылыс жұмыстары Бостандық көшесінен Терешкова көшесіне дейін аралықты қамтиды. Құрылыс жобасы бойынша, бұл даңғылдың 2 кезеңінің ұзындығы 1,71 шақырым, жолдың ені 42 метрді құрайды. 6 қозғалыс жолағы бар. 2 кезеңнің жұмыс шеңберінде жол негізін әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ құрылыс белдеуіндегі инженерлік желілерін ауыстыру жұмыстары жоспарланған.

Жолайрықтың құрылысы жыл соңында аяқталады. 2022 жылдың соңында аяқталатын Қонаев көшесі мен Рысқұлов көшесінің қиылысындағы жолайрық құрылысы кестеге сай жүруде.

Көлік кептелісін азайту мақсатында, өткен жылы жолайрық құрылысы толық аяқталмай техникалық тұрғыда көлік қозғалысына ашылған еді. Қазір аяқжол салу жұмыстары, жер асты өткелін әрлеу және абаттандыру жұмыстары жүруде.

Екі деңгейлі жолайрықтың құрылысы 2020 жылдың мамыр айында басталып, 2022

жылдың аяғына дейін аяқтау жоспарланған. Жолайрықтың техникалық сипатына сай Д.Қонаев көшесінде 1030 метр, Рысқұлов көшесінде 684,7 метр көше аралығы құрылыс аумағына енген, ені 42 метр, төрт-алты жолақты.

— **Өтегенов көшесіндегі жол жөндеу жұмыстары да сырқұйымшақтанып кеткен жоқ па?**

— Шымкентте биыл жол инфрақұрылымын дамыту үшін 352 шақырым көшеде жол құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жыл соңына дейін 283,8 шақырымын пайдалануға беру жоспарланған.

1-кезеңге сәйкес Өтегенов көшесінің жалғасы «Шымкент Сити» шағынауданынан Сырым батыр көшесі аралығын қамтиды. Кезеңнің жалпы ұзындығы 970 метр, ені — 28 метр. Жолдың жүріс бөлігі 4 жолақты. Қазіргі таңда автомобиль жолына жер негізін жасау және тығыздау жұмыстары атқарылды. Сонымен



қатар, асфальтбетон қабатын төсеу жұмыстары жүргізілуде.

2-кезең бойынша Өтегенов көшесі жалғасының құрылысы Сырым батыр көшесі мен Төлеметов көшелері аралығын қамтиды. Жолдың ұзындығы — 970 метр, ені — 23,5 метр. Автомобиль жолында 4 жолақты жүріс бөлігі қарастырылған. Құрылыс жұмыстары 2021-2023 жылдар аралығына жоспарланған.

— **Қалада 4 аудан бар еді, таяуда бесінші Тұран ауданы қосылды. Осы аудандардағы жөнделіп жатқан көшелер көп пе?**

— Еңбекші ауданындағы 702 көшенің 15-і магистралдық, 596-сы ішкі орамдық көшелер. Оның ішінде 437 көше асфальт, 158-і тас жол, 16-сы топырақ жол. Өткен жылы 57 көшеге асфальт төсеу жұмыстары жүргізілді. Биыл 132 көше жөнделеді. 2025 жылға дейін ұзындығы 200 шақырымды құрайтын 174 көше орташа жөндеуден өтеді. Осы жылы сапалы жолмен қамту көрсеткіші 76 пайызға жетеді.

Еңбекші ауданы аумағындағы Базарқақпа тұрғын алабының көшелері толығымен орташа жөндеуден өтті. Атап айтқанда: Шахайдаров, Тельман, Жастар, Ақшенгел, Нарынкөл, Қорғамқұм, Ақыртас, Таңыртау, Абалиев және Жалпақтал көшелері. Аталмыш көшелердің орташа жөндеу жұмыстары сәуір айында басталып, өндірістік кестеге сәйкес, маусым айының соңында толығымен аяқталды.

Тұрғын алаптағы осы жылы жөнделген көшелердің жалпы ұзындығы 11 шақырымды құрайды. Барлық көшелерге қалыңдығы 10 см асфальт төселді.

Бекітілген жоспарға сәйкес, қаламыздың ішкі орам көшелерін асфальттау қарқынды жүргізіліп жатыр. Соның бірі — Әл Фараби ауданы аумағына кіретін «Сәуле» шағынауданындағы Жанабазар көшесі, типтік 1, 2, Маркакөл көшесі және Мұратбаев көшесінің жалғасы. Арнайы әзірленген сметалық құжаттама бойынша, ұзындығы 1,9 шақырым жолға жауапты мердігер мекеме асфальтбетон қабатын төсеу жұмыстарын жүргізді.

Әл Фараби ауданындағы 279,5 шақырым жолға асфальт-бетон төселген болса, 19,6 шақырымы шағал тас. Өткен жылы 5 көшеге асфальт, 13 көшеге шағал тас төсеу жұмыстары жүргізілді.

Бұл жылғы жоспар бойынша 16,9 шақырымды құрайтын 30 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі де, 33 көшеге шағал тас төселеді. 2023-2024 жылдарға 48 көшені асфальттауға ұсыныс берілген.

Осылайша осы жылы сапалы жолдар үлесі 88 пайызға, 2024 жылы 100 пайыздық көрсеткішке жетеді.

Шымкентте Қаратау ауданы аумағында жоспарланған 48 көшенің бүгінде 17-де орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Атап айтқанда, Қызылсу тұрғын алабы аумағындағы Гүлістанның 8 көшесінде орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Аталмыш көшелердің жалпы ұзындығы 6,7 шақырымды құрайды. Сонымен қатар, орташа жөндеуден өткен Жаңақұрылыс № 2,3 көшелерінің ұзындығы — 1,3 шақырым. Сонымен бірге, Сайрам тұрғын алабындағы Сыдыхан ата, Мүсілім төбе, Тектұрмас, Тиллақоджаев көшелерінде асфальтбетон қабатын төсеу жұмыстары аяқталды. Асар-2 шағынауданындағы №1,2 көшелері орташа жөндеуден өтіп, бүгінде ел иілігіне пайдалануға берілді.

Өтеміс шағынауданы аумағындағы Д.Қонаев және Өжен көшесінде орташа жөндеу жұмыстары аяқталды.

Достық тұрғын алабындағы Ынтымақ көшесі, Омарташы көшесінің жалғасы, түйығы және Әбдіров көшелерінің жолдары жөнделді.

Ұзындығы 1,4 шақырымды құрайтын Ақжайық шағын ауданының аумағындағы Қамбар батыр көшесінің орташа жөндеу жұмыстары аяқталды.

Қайнар бұлақ тұрғын алабының Русские березки көшесінің жол құрылыс жұмыстары аяқталды, ұзындығы 2 шақырымды құрайды.

— **Шығыс айналма жолының құрылысының қарқыны қалай?**

— Бүгінде айналма жолдың құрылыс жұмыстары қарқынды. Нысанның құрылысы 2021 жылы басталған. 1-кезеңі №1 автожолынан Әл Фараби көшесіне дейінгі аралықты қамтиды. Айналма жолдың ұзындығы — 3,9 шақырым, 4 жолақты және ені — 60 метр. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 28 пайызы орындалды.

— **Қалада жаңа аялдамалар пайда болғанын байқап жүрміз. Жалпы мегаполисте қанша аялдама бар?**

— Шымкентте биыл қала ішіндегі орталық көшелерге 178 аялдама павильонын орнату жоспарланған. Шілде айынан бастап 30 аялдама орнатылды. Барлық аялдамалар Шымкент қаласының жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасына сәйкес орнатылады.

Кешенді схеманы әзірлеудегі мақсат — елді мекендерді қоғамдық көлікпен толық қамтамасыз ету және қоғамдық көліктердің қозғалысын қала тұрғындарының жүріп-тұруына оңтайландыру.

Жалпы Шымкент қаласы бойынша 1886 аялдама орны бар. Оның ішінде 1336 аялдама павильоны болса, қалғанына аялдама белгілері



орнатылған. 2021 жылдың қорытындысымен жаңа үлгідегі аялдамалар саны 670-ке жетті.

— **Жолаушыларға «Қолма-қол ақша төлені» дейтін кондукторлар көп. Осы олқылықты қалай түзетуге болады?**

— Қыркүйек айына дейін автобустарды кондукторсыз жүйеге өткізуге тиіспіз. Қалада 78 тұрақты қалалық маршрут қызмет көрсетеді, күнделікті маршруттарға 843 автобус шығады. Жеке меншік нысанындағы 10 компания жолаушыларды тасымалдау қызметін көрсетуде. Ал, пайдалану мерзімі 3 жылға дейінгі автобустар саны 890 автобус немесе 89 пайызды құрап отыр.

Бүгінде жолаушыларды қолма-қол ақшамен төлеуге мәжбүр ететін кондукторлардың жұмысына көптеген шағымдар түсуде. Жағдайды түзету үшін қалалық маршруттарда кондукторсыз жүйені кезең-кезеңмен енгізу міндеті қойылды. Жаңа жүйеге сәйкес автобуста кондукторлар мүлдем болмайды. Бұл дегеніміз, жолаушы өзі жолақсыз қолма-қол, «Tolam» картасы, SMS код немесе QR-код арқылы төлей алады.

Жылжымалы құрамды жанарту мақсатында 2020 жылы газ метанмен жүретін 590 жаңа автобус сатып алынған еді. Қазіргі уақытта барлық автобустар қалалық тұрақты маршруттарға тартылып, күнделікті тұрғындарға қызмет көрсетіп жатыр. Сонымен қатар, аталған автобустарды газ отынымен қамтамасыз ету үшін 2 газ стансасы қызмет көрсетіп, ал үшінші стансаның салу үшін жер учаске бөлініп, инвестор анықталуда.

Қазіргі уақытта Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен Шымкент қаласы полиция департаментінің арасында жаңа жүйені іске асыру мақсатында меморандум түзілді. Меморандумға сәйкес, полиция қызметкерлері және бақылау тобы бірлесіп, жол ақысын төлемеген жолаушыларға әкімшілік құқық бұзу туралы хаттамалар түзіп, айыппұл сала алады. Айта кету керек, егер жол ақысын қолма-қол төлеген жағдайда, міндетті түрде билет беруді талап ету керек. Жалпы бұл жүйенің мақсаты — ашықтықты қамтамасыз ету, жүргізушінің жаалақсыз көтеру, тұрғындарға сапалы қызмет көрсету, жолақы төлемін автоматтандыру, жалпы алғанда, орын алған кемшіліктерді жою тұрғысында қоғамдық көліктерде мәдениеттілікті қалыптастыру.

— **Мемлекеттік сатып алу конкурсымен жеңімпаз аталған мекемелердің өз міндеттемелерін уақтылы және сапалы орындамағаны үшін қандай да бір шара көрсетіледі ме?**

— Шымкент қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы осы жылға мемлекеттік сатып алу конкурсымен жеңімпаз аталған мекемелердің өз міндеттемелерін уақтылы және сапалы орындамағаны үшін 58,1 млн теңге айыппұл салды. Оның 37,7 млн теңге (61,6%) өндірілді.

Жол құрылыс жұмыстары тапсырылған 24 мердігер мекеменің, кепілдік мерзімі бойынша кемшіліктердің мерзімінде жойылмағанына байланысты 6,5 млн теңге айыппұл салынды.

Ал атқарылып жатқан нысандар бойынша 87 мекемеге 51,5 млн теңге айыппұл салынды. Оның ішінде 70 айыппұл мердігер мекемеге, 16 айыппұл техникалық бақылаушы мекемесіне, авторлық қадағалаушы мекемеге 1 айыппұл салынды. Айыппұл салынған мекемелер тарапынан 36,3 млн теңге өндірілді. Төленбеген айыппұлдар бойынша сотқа талап арыздар жолдануда.

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның құрылғанына ширек ғасыр болды. Қазақтың сайын сахарасында шойын табанын төсеп, жолаушыларды жайлы орнына жайғастырып, дiттеген жерiне жеткiзетiн, жүктi де тиеп алып жүйтiтiн пойыздардың ел игiлiгi үшiн таптырмас қатынас құралы екенi рас.

«Қазақстан темір жолы» ел экономикасының дәулетін арттыруда орасан үлес қосатын үлкен ұжымға, алып күшке айналды. Тасымалдау қызметінде айрықша орны бар ұлттық компания замана ағымына сай жанарып, инфрақұрылымын да жабықтап, заманауи технологиямен жарактанып, тұтынушы талабы мен талғамына сай озық қызмет түрлерін ұсынып келеді.

Компанияның құрылу тарихына тоқталмас бұрын бір ғана жайтты атап өтсек дейміз. Жалпы Қазақстан теміржол саласындағы қажетті бөлшектер мен бұйымдарды шетелдерден алады. Соған карамастан, ТМД елдері арасында теміржол саласындағы қызметі тарифін төмен ұстап отыр.

Осы жылдар бедерінде трансшекаралық байланыстарды нығайтып, жаңа теміржол магистралі салынды. Атап айтқанда, 2,5 мың шақырымды құрайтын темір жолы төселді. Әлемдік логистика өрісіне дендеп енуге де зор мүмкіндік туды. Еліміздің ішінде ғана емес, сыртқы қатынастар нәтижесінде тасымал көлемі артты. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның орасан жетістіктерінің бірі деп былтырғы жылғы көрсеткішті атауға болады. Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет жоғары жүк айналымы көрсеткішіне, яғни 239 миллиард тонна-километрге қол жеткізді. Биылғы бірінші жарты жылдық көрсеткіші де көңіл әсіреді: алты ай ішінде ҚТЖ-ның жүк айналымы 120 миллиард тонна-километрге жетіп отыр. Былтырғы жылмен салыстырғанда жүк тасымалдау 5 пайызға артқанын көрсетті.

Шекаралық байланыстардың жақсаруы нәтижесінде транзиттік тасымал ісі де қарқынды жүргізіліп келеді. Былтыр Қазақстан арқылы миллионнан аса контейнер өзге елге жеткізілді. Бұл да ел экономикасына едәуір табыс әкелгені сөзсіз. Қазақстан темір жолы саланы жаңғырту мақсатында машина жасауды қолға алып, өндірісті өркендетуде. Электровоз, тепловоздарды шығару, жолаушылар тасымалына қажетті вагон құрастырып жасау ісінде де алға жылжушылықтар бар. Қысқасы, зауыттар іске қосылып жұмыс жандандуда.

Жер жәннаты саналатын Жетісудың ең көрікті мекендерінің бірі – Көлсай көлдері. Тау баурайындағы әсем табиғатты тамашалауға алыс шетөдден мыңдаған турист ат басын бұрады. Отандық туризмді дамытуға үлес қосып отырған таңғажайып мекен туралы біз «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі бас директорының орынбасары Әділхан Батановтан сұрап-білдік.



Jas qazaq: Бүгінде отандық туризмді дамытуға баса назар аударылуда. Әсіресе, жұрттың ықыласына бөленген туристік мекеннің бірегейі — Көлсай көлдері. Осы арада ұлттық парк қандай жобаларды бекітті? Жалпы туризмді дамыту аясында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

Ә.Батанов: Қазақстандағы ішкі туризмнің бағыты сан алуан. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог — Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында туризмнің, әсіресе, эко және этнотуризмнің дамуына экономиканың маңызды саласы ретінде ерекше көңіл бөлуді тапсырды. Туризм түрлеріне келсек, әлемде этнографиялық және саяхатшылық туризм кенінен тараған. Экотуризм Ұлттық парктерді, Көлсай көлдерін, Қайыңды көлін, Шарын шатқалын, Іле Алатау ұлттық паркін қамтиды. «Көлсай көлдері» ұлттық табиғи паркі аумағындағы Көлсай және Қайыңды көлдері — туристер көптеп келетін аумақ. Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болып тұрған Дінмұхамед Қонаевтың арқасында өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап, Көлсай көлдері танымал бола бастады. Бір емес, бірнеше рет осы жерге келіп, дәл сол кісі «Көлсай көлдері» деп атады.

«Көлсай көлдері» МҰТП-нің аумағының көптеген бөлігі «жабайы табиғат» күйінде жақсы сақталған. Сол себепті мұндай жерлерге бүгінгі күнде дүниежүзілік қызығушылықтар артуда.

Еліміздің бас қаласында заманауи талапқа толыққанды сай келетін «Нұрлы жол» теміржол кешені салынып, ел игілігіне берілгеніне де бірнеше жылдың жүзі болды. Тасымал, қатынас саласындағы логистиканың қара нарына айналған «Қазақстан темір жолын» трансформациялау ісін Президент Қасым-



КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНУ – КОМПАНИЯНЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ

Жомарт Тоқаев нақты тапсырма беріп, жеделдетуді жүктеген болатын. Компания басшылығы да осы сенім үлесінен шығу үшін барын салып енбектенуде. Еліміздегі зауыт, фабрикалардың, шағын және орта бизнес өкілдерінің өндірген өнімін ел ішінде тасымалдауда және де транзиттік тасымалды атқаруда Ұлттық компанияның арқалаған аманаты зор. Яғни отандық кәсіпорындардың өнімін экспортқа шығарып жеткізу шаруасы да осы «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ арқылы жүргізіледі.

Транзиттік тасымал бар, трансшекаралық байланыстарды нығайту мақсатында келешекте еліміздің теміржол саласы Иранның һәм Түрікменстанның теміржол саласымен де байланысты тереңдетіп, бағыттарды жаңғыртатын болады. Бұл экспортқа шығаратын тауарларымызды тасымалдауда орасан жеңілдік туатынын аңғартады. Миллиардтан астам халқы бар Қытаймен шектесетін еліміз үшін Ресейдің

тауар тасымалын теміржол арқылы жеткізу де зор пайданың көзі саналып отыр. Орталық Азиядағы теміржол логистикасы қарқынды дамығандықтан да, Азия құрлығына қарай құрығын тастап, сауда-саттықты нығайтқысы келетін, экспорт көлемін арттыруды көздейтін Ресей өндірушілерінің өнімін дiттеген

нүктесіне жеткізу ісінде де Қазақстан темір жолының атқарар салмағы ауыр. Болашақта Қазақстанда жаңа теміржол шекара өткелін ашу ісі де қолға алынып отыр. Шекаралық өңірде теміржол өткелі ашылатын болса, жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыс орнымен қамту ісі де қарқынды түрде жүзеге асады.

Еліміздің теміржол саласын Еуропа елдерімен салыстыруға әсте келмейді. Себебі бізде тасымалдың басым бөлігі, нақтырақ айтқанда, 80 пайызға жуығы жүк жөнелтуге бағытталған. Ал Еуропа елдерінде керісінше, теміржол тасымалының 70 пайыздан астамы жолаушыларға арналған. Оның үстіне ол жақта теміржол тасымалына мемлекеттен ерекше көңіл бөлініп, үлкен қолдау көрсетіледі және үкіметтен дотация бөлінеді.

«Жол мұраты — жету» десек, жолға шыққан жолаушының дiттеген жерiне жайлы да ынғайлы, жаңа үлгiдегi орында барғаны керек. Қысқаша айтқанда, комфорт керек. «Қазақстан

темір жолы» ҰҚ» АҚ 2010 жылдан былтырға дейін, яғни 11 жылдың ішінде 1100-ден астам вагонды жанартса, оның 600 астамы «Тальго» санатындағы жоғары үлгідегі вагондар. Енді жеті жылдың ішінде, яғни 2029 жылға дейін Компания 500-ден астам жолаушылар вагонын сатып алмақ.

Теміржолшылардың әлеуметтік тұрмыстық мәселесін де онтайлы шешудің тетігін тапқан Компания әрбір қызметкеріне түрлі жеңілдіктері бар әлеуметтік пакетті де ұсынып келеді. Теміржол өндірістік қызметкерлерінің жалақысы былтыр айтарлықтай өсті. Биыл мыңға жуық өндірістік қызметкердің айлық енбекақысы бір реттік саралау өлшемі бойынша көбейіп отыр. Ұлттық тасымалдаушы жалақыны көтеру, әлеуметтік пакет ұсынуға соңғы бір жарым жылдың ішінде 136 миллиард теңге бөлген.

1997 жылы құрылған «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ келешекте жүк тасымалын да жолаушыларға қызмет көрсету ісінде де ілгері басатын, еліміздің экономикалық әлеуетіне орасан үлес қосатын ынтымақты ұжым ретінде жұмысын жандандыра беретініне кәміл сенеміз. Еліміздегі іргелі ұжымды айтулы мерекелерімен құттықтаймыз!

Қуан ЕСІМБАЙ

Осыған орай ұлттық парктің қызметі бүлінбеген табиғи ортаны сақтауға, әлемдік маңызы бар табиғи-тарихи кешендерді қорғауға бағытталған. Бұл болашақта ұлттық парк аумағында туристік рекреациялық қызметтің дамуына, әлемдік деңгейдегі биосфералық ғылыми тұрғыда зерттеулер жүргізуге, ғаламдық табиғи өзгерістерді бақылауға мүмкіндіктер туғызады.

«Көлсай көлдері» МҰТП республикалық мемлекеттік мекемесі туристік инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарына сәйкес жұмыстар атқарады. Бас жоспарға сәйкес, ұзақ мерзімді пайдалануға берілген жер учаскелерінде 3 жерде визит орталығы, глэмпингтер, кемпингтер, қазақ ауылы, автотұрақ орындары, алғашқы медициналық көмек көрсету орындары, сауда орындарын салу жоспарланған. Осыған орай инвесторлар

шеруі» атты табиғатты қорғау акциясының алатын орны ерекше. Мұнда мектеп қабырғасындағы оқушыдан бастап жоғары оқу орнының студенттері, жергілікті тұрғындар арасында кең көлемде экологиялық шаралар ұйымдастырылады. Белсене атсалысқандар арнайы марапаттарға ие болады.

Jas qazaq: Соңғы бес жылда «Көлсай»



ОТАНДЫҚ ТУРИЗМНІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

тарту мақсатында 2021 жылы тендер өткізіліп, онда «Атырау-Рент» ЖШС жеңімпаз деп танылды. Қазіргі кезде Төменгі Көлсай көлінің маңынан визит орталығын салу жұмысы басталған.

Ұлттық парк жыл сайын туристік сокпак бойларын абаттандыру, тамашалау, демалу алаңқайлары, шатыр тігетін орындарын, ақпараттық белгілер орнату жұмыстарын тұрақты түрде жүргізеді.

Jas qazaq: Ұлттын парктің негізгі бағыты — экотуризмді дамыту екенін білеміз. Осы ретте қызмет көрсету сапасын арттыру, табиғатты ластамау, ондағы сұлулықты сақтап қалу жағына тоқталып өтсеңіз.

Ә.Батанов: Ұлттық парк аумағы таулы жер болғандықтан, мұнда экотуризмді дамыту — басты бағыттардың бірі. Табиғатты ластамау, сұлулығын сақтау, жанашырлықпен қарау — табиғат аясында демалуға келген әрбір адамның азаматтық парызы. Бұл мақсатта экологиялық ағарту шараларының алатын орны ерекше. Ұлттық парк қызметкерлері бұл бағытта орасан жұмыстар атқаруда. Дегенмен азаматтардың туристік мәдениетінің қалыптаспауы, жанашырлықпен қарамауы дейміз бе, көптеген келенсіздіктер орын алып жататыны жасырын емес. «Өрт — тілсіз жау» десек, белгіленбеген орындарда от жағу, белгіленген маршруттардан ауытқу, балық пен анды зансыз аулау, қатты шу шығаратын аппараттарды пайдалану секілді жағдайлар кездесіп тұрады. Сол себепті, әсіресе, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, олардың табиғатқа деген жанашырлығын арттыру мақсатында жылма-жыл өткізілетін «Парктер



көлін тамашалауға қанша турист келді? Жалпы бұл мекенге туристерді тарту мәселесі қалай жүзеге асады?

Ә.Батанов: 2018 жылы Алматы — Көлсай тас жолының Көлсай демалыс орнына апаратын бөлігі күрделі жөндеуден өткенен бері туристер мен демалушылардың саны 2-3 есеге артты. Пандемияның да әсері ішкі туризмді дамытуға үлкен септігін тигізді. Бүгінгі күнде Көлсай және Қайыңды бағыттары бойынша 20-ға тарта туристік фирма ұлттық паркпен

бірлескен келісімдер негізінде демалушыларды жеткізумен айналысады. Қазақстандағы ең үлкен мегаполис Алматы қаласы десек, Алматы — Көлсай автожолының жақсаруы салдарынан бір күндік турлардың саны көбейді. Әрине, демалушылардың көптеп келуі өз кезегінде біраз қиыншылық туғызатыны рас. Сол себепті басқа да туристік маршруттарды ашу, сол маршруттарға баруды ұсыну жұмыстары жүргізіліп келеді. Демалушыларға қолайлы маршруттардың тағы бірі Саты сайы болса, осы жылы онда апаратын автожолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Өзінің ерекше табиғатымен қызықтыратын Күрметі ауылына апаратын автожолдың құрылысы аяқталып келеді. Жол құрылысы аяқталған соң Көлсай, Қайыңды демалыс орындарындағы рекреациялық жүктелім неғұрлым азаятыны сөзсіз.

Қоршаған ортаны қорғау, экологияны сақтау шаралары бүгінде орман шаруашылығы мекемелерінің басты міндеттерінің бірі болса, онда орман — тоғайымызды антропогендік әсерлерден қорғау үшін аумаққа келушілердің санын дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, шектеу шараларын енгізу қажет.

Сөз соңында Ұлттық парк әкімшілігі қоршаған ортаны қорғау, экологияны сақтау шараларын қатаң сақтай отырып, өз жұмысын ойдағыдай атқарып отырғанын айта кетейін.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА

АЛЕҰЙМЕТ

Тарих

Тарихтың сан тарам сілемдері мен қатпарларында қалған, ашылмаған ақтаңдақ ақиқат әлі де жетерлік. Ел басына күн туған күрделі заманда үдере көшіп ауған жұрттың жапа көрмегені жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ халқының басына төнген нәубеттің тұтастай ұлттың қасіретіне айналғанын, мыңдаған жазықсыз жандардың алтын басы айдауда кетіп, өмірі боданға түскенін ұмытпау – бүгінгі буынның парызы екенін айтып жүр.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құрудағы мақсат та айқын – тарихи ақтаңдақтар ашылып, ақиқат ғылыми айналымға енуі тиіс. Осы бағытта ел тарихының жаңа беттері жазылып, тың тарихи деректер ғылыми айналымға қосылып жатыр. Комиссияның қазіргі жұмыс жүйесі мен аяқ алысы туралы білмекке осы топтың мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Шәмек Тілеубаевпен сұхбат құрдық.

саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы Жарлығына қол қойғаннан бастап, бұл іс қарқынды қолға алынды деуге болады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселесі бізге не үшін керек? Осыған салмақ сала кетейін. Бірден айту керек, бұған дейін де саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесі жүргізілді, жүзеге асып та келеді. Келмеске кеткен Кеңес одағы ыдырамай тұрып, 1989 жылы шыққан Жарлық бойынша да қуғынға ұшырағандарды ақтау ісі жүргізіле бастаған болатын.

Jas qazaq: Жалпы саяси қуғын-сүргіндерді ақтау ісі тәуелсіздігімізді жариялаған алғашқы жылдары, елең-алаң шақта да қолға алынбап па еді?

Шәмек ТІЛЕУБАЕВ: Иә, Қазақ елі тәуелсіздігін жариялаған алғашқы жылдары, нақты айтқанда, 1993 жылдың 14 сәуірінде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданған. Міне, осындай заңдар негізінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау шаралары жүргізіліп келді. Бірақ бұл дегеніміз – осы шаруа толыққанды, егжей-тегжейлі іске асырылып жатыр дегенді білдірмесе керек. Кейбір санаттарға, кейбір мәселеге келгенде түпкілікті зерттеліп, зерделеу ісі жүзеге асып жатыр дегеніміз асылық болар. Ал толық ақтау дегеніміз, осы заңдардың аясынан тыс қалған немесе сол заңдарда кездесетін кейбір олқылықтарға байланысты әлі ақтауға жатпай келген адамдар мен әлеуметтік топтардың да мәселесін жан-жақты қарастырып,

Мемлекеттік комиссияның зерттеу тобы осы бағытта аянып жатқан жоқ, өндірте жұмыс істеп жатыр.

Бұл бізге не үшін керек? Ең алдымен тарихи сананы дұрыс қалпына келтіріп, ұлттық сананы дұрыс қалыптастыру үшін ақтандақтар ашылуы, ақиқат айтылуы тиіс. Тәуелсіздігімізді нығайтып, жетілдіріп, күшейтіп, дамыған елдердің легіне ілесеміз десек, оған күш салу қажет. Жана Қазақстан құрамыз, оны нығайтамыз дегенде оны бір ғана адамға ысырып қойып, қол қусырып қарап отырған жарамайды. Ел болып қолдау көрсетіп, тарихшылар, ғалымдар тұтаса жұмыс істегенде, ұлттық сана дұрыс қалыптасқанда ғана іс ілгері жүреді.

Jas qazaq: Өзініз осы саяси қуғын-сүргін құрбандары толық ақтау жөніндегі құрылған комиссияның мүшесі ретінде зерттеу жүргізгенде босқындар тақырыбына түрен салдыңыз. Өз жерінен, өзінің атажұртынан босып кетуге мәжбүр болу деректері бізге көп тіркелді ғой жалпы.

Шәмек ТІЛЕУБАЕВ: Республикалық комиссияның жұмысшы тобында босқындардың мәселесі бойынша зерттеу бағыттарын жүргіздік. Босқындар мәселесіне қатысты бұрын ешқандай ақтау істері жүргізілмеген. Әсіресе, 1916 жылғы көтеріліс тұсында басталған жосыла көшу, етегін жаспен жуып, елден босу 1930 жылдарға дейін дүркін-дүркін жүзеге асты. 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншу барысында патшалық Ресейдің жазалаушы әскерінің жүргізген репрессиялық шараларына шыдамаған жергілікті халық

Сурақ-Жауап

Тұтынушы құқығын қорғау мәселесі әлі де өзекті. Өйткені көбіміз күнделікті өмірде сауда жасағанда, бір затқа тапсырыс бергенде, тұтынушы ретінде өз құқығымызды біле бермейміз. Халықты алдау, сапасыз тауар ұсыну, сатып алынған затты көпілдік мерзімі өтпей жатып қабылдамай қою кімді де әуре-сарсаңға салады. Осындай сәттерде тұтынушы не істеуі керек? Оның құқығы қалай қорғалады?



Jas qazaq газетінің оқырмандары жолдаған сауалға «Адал» тұтынушыларды қорғау бірлестігінің төрайымы Артық Сейітқалиева жауап берді.

Саят ЕРБОЛАТУЛЫ, жарнама қызметкері:

Біз тікелей тұтынушылармен жұмыс істейтіндіктен, қызметіміздің сапасына қатысты әр түрлі жағдайлармен бетпе-бет келіп жатамыз. Кейде тапсырыс берген үлгісін ұмытып қалып, басқа үлгіні таңдаған едім дейтіндері де кездеседі. «Тұтынушының үнемі дұрыс» деген қағиданы алға тартып, қате өзінен болса да жауапкершіліктен қашатындары бар. Бүгінде Тұтынушыларды қорғау туралы заңға өзгерістер еніп, қолданысқа да енді. Заңға сәйкес қызмет көрсетуші мен тапсырыс берушіге қандай міндеттер жүктеледі?

Артық СЕЙІТҚАЛИЕВА:

«Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңға сәйкес, заңды бұзғандар тауар өндіруші болсын, сатушы мен қызмет көрсетуші болсын, әкімшілік жауапкершілікке тартылады, айыппұл төлейді. Ал азаматтардың арыз-шағымдары арнайы мәліметтер базасына тіркеледі.

Өзгерістерге сәйкес, енді әр сауда немесе қызмет көрсету нысанында өзінің бірегей QR-коды болады. Ол көрнекі жерде орналастырылады. Егер кез келген тұтынушы құқығым шектелді деп шешсе, смартфондағы арнайы мобильді қосымша арқылы кодты сканерлеп, шағым қалдыра алады. Жалпы тұтынушылардың құқығын қорғаудың жаңа жүйесі үш сатыдан тұрады. Алғашқы кезеңінде сатушы (қызмет көрсетуші) тұтынушының шағымын өз бетінше немесе ұйымның көмегі арқылы қарауға міндетті. Біздің «Адал» тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдық бірлестігінің негізгі қызметі тұтынушылар тарапынан келіп түскен шағымды қарау. Екі жаққа да тиімді жолын көрсету. Сотқа дейінгі дауды шешу. Дегенмен қызмет көрсетуші де, тұтынушы да заң нормативтерін білуі керек.

Рахат Жаркынбекова, зейнеткер:

Денсаулығымна байланысты дәрі-дәрмекті жиі қолданамын. Жас ұлғайған сайын аяғым ауырып, жүруге қиналып жүрдім. Балаларым дәріханадан ауырсынуды басатын неше түрлі жақпа май алып береді. Тіпті отандық емес шетелдік қымбат дәріні де алып берген еді. Бірақ нәтиже байқалмады. Қаржының желге ұшқаны өз алдына, ауруды одан сайын асқындыратын дәрілер кездессе, кімді жауапқа тартамыз? Бұл мәселе қалай шешіледі?

Артық СЕЙІТҚАЛИЕВА:

Расында да, тұтынушылардан дәрі-дәрмектің сапасына қатысты арыз-шағым жиі түседі. Бағасы қымбат болса да, импорт дәрілердің көбісі дертіне дауа болмай, керісінше, ауруды созылмалы болып, шығынға ұшырап жататын тұтынушылардың шағымы да жетіп-артылады. Сіздің де сауалыңыз орынды. Ең бастысы, тұтынушы дәріханадан алған дәрілерінің түбіртегін міндетті түрде сақтап қоюы керек. Әр дәріханада сатып алушыларға арналған арыз-шағым дәптері болады. Сол дәптерге өз шағымыңызды түсіріп, дәріхана мұдделінен осы мәселені қарастыруды талап етуге өтініш қалдыра аласыз. Дәріхана әкімшілігі бір апта ішінде тиісті жауабын беруі керек. Егер мәселе шешілмесе, тұтынушы құқығын қорғау департаментіне шағымдануға болады. Бізде тыйым салынған дәрілердің өзі сатылымға қайта түсіп кететін жағдайлар де аз емес. Сөйген қарап-ақ, фармацевтика саласындағы бақылауды нықтай түсу қажет. Өз басым дәрі өндірісіндегі отандық үлесті арттыру қажет деп есептеймін.



Бибігүл ЖҰМАШЕВА, кәсіпкер:

Жақында Алматыдағы ең ірі сауда үйінің бірінен электронды техника мен смартфон сатып алдым. Сатып алған күні жұмыс істеп тұрған смартфон ертесінде өзіңінен өшіп қалатын болды. Сауда орталығына қайта барып тауарды ауыстырып берулі немесе ақшамды қайтаруды талап еттім. Ондағы сатушылар «бәлкім, құлатып алған шығарсыз» деп өзімді кімді еткізі келді. Бірақ телефон жап-жана, құлаған белгісі байқалмады. Осындай жағдайда тұтынушы өз құқығын қалай қорғайды?

Артық СЕЙІТҚАЛИЕВА:

Тауардың кемшіліктері анықталған жағдайда тұтынушылар заңмен белгіленген құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау құқығын пайдалануы керек. Мұндай жағдайда тұтынушы сатушыға тауарды айырбастау немесе қайтару және кемшіліктердің салдарынан келтірілген залалды ерікті түрде өтеу туралы жазбаша наразылық беруі керек.

Егер сатушы қойылған наразылыққа 10 күнтізбелік күн ішінде жауап бермесе немесе тұтынушының заңды талаптарын орындаудан бас тартса, онда тұтынушы бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін тұтынушылар құқығын қорғау департаменті мен сотқа жүгінуге құқылы.

10 күнтізбелік күн ішінде жауап бермегені үшін сатушы құқық бұзушы болып табылады және оны жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Мысалы, Петропавлда ірі кәсіпкерлік субъектілерінің бірі уақыттылы жауап бермегені үшін Әкімшілік кодекстің 190-бабының 6-бөлігі бойынша жауапкершілікке тартылып, оған 50 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) көлемінде айыппұл салынған болатын.

Дайындаған Мәкпәл МАХАМЕТҚЫЗЫ



Jas qazaq: Шәмек аға, өзінің Мемлекеттік комиссияның босқындар мәселесін зерделеу бойынша жұмыс тобының мүшесі ретінде бірқатар зерттеулер жүргізіп келесіз. Осы шаруаның бүге-шігесін өзіңіз жақсы білесіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 31 мамырдағы Саяси қуғын-сүргін және



ашаршылық құрбандарын еске алу күні қарсаңында айтқан үндеуінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы комиссия құруды, ақтау жұмыстарын жандандыруды тапсырған болатын. Комиссия құрудағы көздеген мақсаты мен міндеті – саяси қуғын-сүргінге ұшырап, азапталған, атылған, айдалған жазықсыз жандарды заңдық тұрғыдан да, саяси салмақтау жағынан да, толық ақтауға жұмылу. Алдымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қызметін таратып айта кетсеміз.

Шәмек ТІЛЕУБАЕВ: Мемлекеттік комиссияның он шақты бағыт бойынша зерттеу топтары құрылған, мен соның бірі, босқындар мәселесін зерттейтін жұмыс тобына мүше болдым. Біз, негізінен, басымдықты босқындар тақырыбына арнап, жұмыс жүргіздік. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мәселенің түйткілді түйінін тарқатып, шаруаны жүзеге асыру туралы Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен комиссия құрылып, оның зерделеу жұмыстарын жүргізу үшін әр бағыттар бойынша арнайы жұмыс топтары жасақталып, іске кірісті. Бұл бір мезеттік, бір кезеңдік қана шаруа емес. Бірнеше жылдың жауырынына артылатын ауқымды жоба болғандықтан, нәтижесін бірден күтуге болмайды. Өйткені зерттеу мәселесі, зерделеу ісі ұзақ уақытқа созылады. 2020 жылдың 24 қарашасында Мемлекет басшысының

зерделеу барып шешім шығару, яғни ақтау. Әсіресе, 1930 жылдары болған көтеріліске қатысқандар, сол үшін ауыр айып аркалап, ит арқасы қиянға айдалып кеткендер, олардың кейбіреулері сол кеткеннен мол кетіп, ол жақта не өлгені, не атылып кеткені белгісіз қалғандары бар. Жазықсыз атылғандар, сотталғандар қаншама? Нәубет төнгенде «сайынан сайғақ құрлы сая таппай» тігулі үйін, асулы қазанын оттан алмай, тастай қашып, босып кеткендер жайлы, соғыс кезінде тұтқынға түскендерге қатысты, кейінгі 1950–1980-ші жылдардағы саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарға байланысты ақтау шарасы толыққанды жүзеге асырылып біткен жоқ. Әлі де зерттейтін, зәу-затына дейін анықтайтын деректер әлі де шаш-етектен. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау дегенде түрлі әлеуметтік топтар санатына жататын айыпталушы жазықсыз жандарды заң шеңберіне сәйкес, ақтауды жүзеге асыру маңызды. Занды толықтырып, жетілдіріп, жандандыру үшін зерттеу, зерделеу жұмыстары ақсамау керек, керісінше, қарқын алуы тиіс. Сол үшін де арнайы мемлекеттік комиссия оған қарасты әр өңірде және республикалық маңызы бар үш қала: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкентте арнайы жұмысшы тобы құрылып, білек сыбана жұмыстар істеп жатыр. Жұмыс тобының өзі республикалық және өңірлік болып саналатын мемлекеттік комиссияның жұмысшы топтарының мүшелері архивтерде отыр. Архив қойнауында сан мыңдаған құжаттар, іс, қор бар, әлі де болса белгісіз, беймәлім, құпиясын қойнына бүккен деректер жетіп артылады. Тек тереңдете зерттеуді тоқтатпауымыз керек. Ішкі істер органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Прокуратура саласының арнайы мемлекеттік архивтері деген секілді архивтерде жаңбыр тілеп тұсыраған даладай, зерттеуді қажет ететін материалдар әлі де баршылық. Әсіресе, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарға қатысты тың дерек-дәйек материалдар бар, бірақ олардың басым көпшілігі осы уақытқа дейін зерттеушілердің ұрысына дұрыс түсе бермеді. Өңірлердегі облыстық, аудандық архивтерден де көптеген тың мәліметтерді табуға болады. Ақталған, я болмаса, жабылған жаланы әлі де аркалап келе жатқан, аты-жөні анықталмаған белгісіз адамдардың деректері әлі де жеткілікті.

«Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық. Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы. Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты үндеуі, 2021 жылғы 31 мамыр)

босып кетуге мәжбүр болды. Бір ғана Жетісу облысынан 300 мыңнан астам қазақ пен қырғыз босқындары көршілес жатқан Қытай аумағына өткен. Ал ол жаққа өткенде олардың көрген қорлықтары өз алдына үлкен өңгіме.

Міне, осындай тарихи ақтандақтар, ашылмаған ақиқаттар әлі көп. Жалпы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау ісі тек ғалымдық, мезгілдік, кезеңдік шаруа емес. Бұл бірнеше жылға созылатын ұзақ зерттеу процесі. Шындықтан жалтаруға болмайды, ақиқатқа тура қарауға дағдылану керек. Сондықтан да тарихи дерек-дәйектердің шынайы ақиқаты ашылып айтылуы тиіс. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселесі тарихымыз үшін де, Жана әділетті Қазақстан құруға бағытталған келешегіміз үшін де аса құнды, аса қажетті шара деп санаймын.

Jas qazaq: Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан Қуаныш ЖӘНІБЕК

Естенік

(Басы 1-бетте)

Емен есігі айқара ашық тұрған бұрыштағы бөлмеден теледидар мен радиодан құлағымызға дыбысталу мәнері әбден таныс Қонаевтың ерекше дауысын анық естідім... Қазақша сөйлеп жатыр! Қызық, өз басым ол кісінің, елбасшысының қазақша сөйлегенін бірінші рет естуім!...

Екі қабырғасы түгелдей кітап қойылған сөрелерге сіресіп тұрған кен бөлмеге келіп кірдік. Жерге төселген қалы кілемнің түгі мұндай қалың болар ма, аяқ киімісіз тұрған май табаным оны да сөзе қойды. Үлкен кісі кітап сөресіне арқасын беріп тұр екен. Балтағұлов: «Димаш Ахметіш, бұл кісілер өзіңіз білетін «Жетісу» газетінің жігіттері, журналистері» делі де, тездетіп кері шегінді. Алдымен Мұғалімбай ағам, одан Жолдасхан ағам Үлкен кісіге жақындап «Димеке, Зұхра жеңгеміздің иманы саламатта болсын...» деп көңіл айтты. Одан соң кезекте тұрған қалғанымыз сол сөзді қысқарта қайталап, Димаш ағамыздың қолын алдық. Байқағаным: бойы екі метрден кем емес, қолы, аппақ саусақтары мұндай ұзын болар ма?! Жемді ақ көйлегінің сыртынан арқа тұсы жылтырақ қара матадан тігілген жилет киіпті. Қыры сынбаған қара шалбар. Менің табанымды қытықтаған қалы кілемнің үстінде жылтыраған қап-қара туфлимен емін-еркін, бойын тік ұстап тұрды. Өз ортамызда әманды батыл көрінетін арқа сүйер ағаларымыздың өзі әлгі айтқан алғашқы көңіл айту сөзінен басқа ләм деместен, қатар тізіліп тұра-тұра қалды. Үнсіздік басты. Бәріміздің де қатты толқып тұрғанымыз анық... Қалай дегенде де, бейнесі мен дауысы теледидар мен радиодан, аты-жөні баспасөзден ғана таныс, Қазақстанды жиырма жылдан астам басқарған күллі елге құрметті азаматпен, Кеңес Одағының Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшесі, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының ОК бірінші хатшысы, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жолдастың өзімен... өмірімізде бірінші рет бетпе-бет кездесіп, жүздесіп тұр емеспіз бе?!.

Әлгіде... терезеге жакын, төрде бір-біріне қарама-қарсы қойылған арқалы екі орындықта

— Ал, енді дастархан басына жүріңіздер. Мұғалімбай ағамның «Димеке, біз бар болғаны өзіңізді бір көріп, көңіл айту ниетімен ғана келген ек, дастарханға, рахмет» дегеніне қарамай Димекен: «Жо-жок, оларыңыз не, жаюлы тұрған дастархан ғой, Құран оқылған, дәм ауыз тиіңіздер!» деп аяғындағы қап-қара туфлин жалт-жұлт еткізіп, кілт бұрылып, алдымызға түсті де, есігі айқара ашық тұрған үлкен бөлмеге жол сілтеді. Қазақстандағы компартия көсемінің аузынан «Құран оқылған» деген сөзді естігенімізге де таң-тамаша қалып келеміз...

КСРО-ның социалистік тұрғыдағы мүдделесі — Румыния мемлекетінде ғана жасалатын ерекше өрнекті орындықтармен



ҚОНАЕВТЫҢ ҚОЛЫН ҚЫСҚАН КҮН



қоршалып қойылған ұзынша сопақ үстелдің үсті тәтті тағамға лық толыпты. Бауырсақ салынған биік фарфор тостағандар да көз тартады. Әріптестердің колқалауымен, Димекеннің де дауыстап «төрлетіңізмен» Мұғалімбай ағам төрдегі

Димекеннің өзіне қайтарып: «Өзіңіз алыңыз, аға...» делді. Қонаев: «Ала ғой, қалқам!...», Көлбай: «Ж-жок, аға... өзіңіз алыңыз-з...»

Осы уақытта ту сырттан Шекербек ағамның даусы шықты: «Көлбай... бері қарай, бізге қол жалғап жібер...»

Мәселе шешілді. «Үһ-һ!...» Патшаның қолынан, академик-келін құйған шәй іштік! Толқдық, қобалжыдық... Бірақ сол бір оқиға



ПАТШАНЫҢ ҚОЛЫНАН, АКАДЕМИК-КЕЛІН ҚҰЙҒАН ШӘЙ ІШТІК! ТОЛҚЫДЫҚ, ҚОБАЛЖЫДЫҚ... БІРАҚ СОЛ БІР ОҚИҒА – КӨРІНІС-СУРЕТТЕР МӘҢГІ ЕСТЕ САҚТАЛЫП ҚАЛДЫ. СЕРВАНТ ҮСТІНДЕ ТҰРҒАН ҮЛКЕНДІГІ САМАУЫРДАЙ ФАРФОР ҚҰМЫРАҒА ДИМАШ АХМЕТҰЛЫ МЕН ЗҰХРА АПАМЫЗДЫҢ БАС ТҮЙІСТІРІП АСПАН ТҮСТЕСТ КӨК БОЯУМЕН САЛЫНҒАН СУРЕТКЕ ДЕЙІН МЕН СЕКІЛДІ «ТҮК КӨРМЕГЕН, ҚАРАҒҒЫ» КЕҢЕСТІК-ХАЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ АУЗЫН АШТЫРЫП, КӨЗІН ЖҰМДЫРДЫ, НЕСІН АЙТАСЫЗ?!

әңгімелесіп отырған екі апа біз бөлмеге кірген сәтте сөздерін доғарып, тына қалған. Аз-кем үнсіздіктен соң басын көтерген Димекен сол кісілер жаққа қарай қолын соза:

— Сіздер білулеріңіз керек, біз Олжас Омарұлы Сүлейменовпен жақсы қатынастамыз. Мына кісі сол акын інімінің анасы Фатима Насыржановна! — делі. Рен-басы келіскен, аппақ, әдемі, жылы жүзді апа «Жетісу» газетінде ертеректе редакторлық қызмет атқарған Әбдуәлі Қарағұловтың бейнесін бірден көз алдыма елестетті. Әбдуәлі ағамыз да аппақ, әдемі кісі. Олжекеннің әкесі... Кейде басшыларымыз редакция машинасымен ол кісіні мекемеге арнайы алдыратын. Бас редактор Баймолда аға Мусин өзінің кен бөлмесіне редакция жастарын жинайтын да, Әбдуәлі ағамыз өзінің «Сәтті ойлар сағаты» атты журналистік-тәжірибе лекциясын оқитын... Ағаларымыздың бір ауыздан «Иә, бұл кісіні танимыз» деуінің сыры сонда.

— Ал мына кісі — Зұхра Шәріповнаның сіндісі... — делі, көкшіл көзді, бұйра шашты, бетінде ішінара секпілі бар, жылы жымыған апамызды таныстырып.

арқасы әдемі матамен көмкерілген өрнекті бас орындыққа жайғасты. Осы арада мен ағамның екі бетінің алаулап кеткенін байқадым. Әлгідегідей емес, әріптестер де ортаға бой үйрете бастаған секілді, сыбырлап «шуылдасып» «Мұқа, Мұқа...» десіп жатыр...

Орынтаққа жайлы жайғасқан Мұғалімбай ағам бұл жолы Үлкен кісіні аты-жөнімен әрі қазақша атады.

— Димаш Ахметұлы... өзі бұл орындықтардың айрықшалығын ішіміз сезіп те тұр, кімдер отырғанын айтпаса да, долбарлап біліп отырған сияқтымыз...

Бәрімізді жайғастырып, үстелдің екінші басында өзі сол қалпында тік тұрған Димекен жайдарылана күліп алды.

— Иә, Мұқа, дәл үстінен түстіңіз... Сіз отырған орындық — Леонид Ильичке тиесілі... (Леонид Ильич Брежнев — КСРО мемлекетін 18 жылдай басқарған мемлекет қайраткері — авт.)

Сопакша үстелді айнала кезегімен жайласып отырған жұрт қозғалақтап кетті. Бәсен дауыспен болса да бәрі бірқалып күлісіп, Мұқана құтты болсын айтып жатыр... Той-томалақта тек шампан ішетін, тек шампан ішкенде ғана екі бетінің ұшы қызаратын Мұғалімбай ағамның алаулаған жүзі алабұртып, көпке дейін басылмады.

— Қазақстанның соңғы бір мерейтойлық мерекесіне социалистік мемлекеттердің біркатар басшыларын Алматыға Леонид Ильичтің өзі бастап келген, — деген Дінмұхамед Ахметұлының жады да зор екен. Мұқаннан өзге алтауымызға кім-кімнің орнына отырғанын тізбектеп айтып берді. Менің есімде қалғаны — бүгінгі мен отырған осы орындықта Поляк Халық Республикасы Компартиясының Бірінші хатшысы Эдвард Герек жайғасқан екен. Түс көргендей болып, «әркім өз орындығымен алысып» бәріміздің басымыз айналды да қалды. Мұндай да болады екен! Әрине, әрине... «жабық мемлекетте» өмір сүрген халықтың сол кезеңдегі көңіл-күйін, бүгінгі күн өлшемімен безбендеу, тіпті де мүмкін емес-ау!

Тағы да қызық, тағы да тансық көрініс... Ол кезде, иә, ол кезде кейде бір теледидардан белгілі бір мәртебелі жиналыстардан бет-

— көрініс-суреттер мәңгі есте сақталып қалды. Сервант үстінде тұрған үлкендігі самауырдай фарфор құмыраға Димаш Ахметұлы мен Зұхра апамыздың бас түйістіріп аспан түстес көк бояумен салынған суретке дейін мен секілді «түк көрмеген, қараңғы» кеңестік-халық өкілдерінің аузын аштырып, көзін жұмдырды, несін айтасыз?!

Димекеннің өзі дастархан басына отырған жоқ. Бәріміз сол кісінің аузына қараймыз. «Социалистік Қазақстаннан» бастап «Қазақстан пионеріне» дейін әр нөмірін жібермей, сүзіп оқытынын айтты ол кісі! «Қазақ тілді газеттердің ішінде «Жетісудың» Қазақстанға белгілі азаматтарды ақтап жазған сол мақалаларын да оқып шықтым. Шындығы керек, редакторларыңызға сәлем айтыңыздар, қазіргі қазақ газеттерінің ішінде «Жетісу» алда тұр. Әлгі мақалалардың авторы жапа шеккен жоқ қой, әйтеуір?!» дегенде үстел басында отырған күллі «жетісулықтар» арқаланып, бойымызға қан жүгіріп, компандап қалдық. Мұқан үстел үстінен қолын созып, оң қанатта бірінші болып отырған Жолдасхан ағам жақты меңзеді:

— Ол мақаланың авторы алдыңызда отырған мынау азамат ініміз Жолдасхан Бозымбеков! — Бәре-келдес... Өте жақсы. Жөкенді білем ғой... Өте дер кезінде, әділ жазылған дүниелер... — делі Димекен.

«Жөкенді білем ғой...» Бір ауыз сөздің күдіреті-ай...

Соған қарағанда, Димаш Ахметұлының өз басы да ақпарат саласында болып жатқан көп жайттан хабарлар шығар-ау деген ой топшылады. Сопак сәнді үстел басында отырғандардың барлығының назары енді бірден Жөкене ауды. Жөкен ағамыз қолашан да сол бірқалыпта ғой. Қайсарлықтың белгісіндей ұйысып біткен қайратты бозқырау шалған қалың шашы әдеттегідей әдемі артқа

«ҚАЗАҚСТАН ҚАЗІР АУЫР ХАЛДЕ, ӨНДІРІС ТҰРАЛАҒАН, АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАПШЫЛЫҒЫ СЕЗІЛІП ТҰР. БІРАҚ, СІЗДЕР МАҒАН СЕНІҢІЗДЕР, БҰЛА ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҒУҒА ЕЛІМІЗДІҢ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ДА, ШАМАСЫ ДА, БЫЛАЙША АЙТҚАНДА, МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫ ЖЕТЕДІ. ХАЛЫҚҚА САБЫР АЙТЫҢЫЗДАР. ГАЗЕТТЕРІҢІЗГЕ ОСЫ ТУРАЛЫ КӨБІРЕК ЖАЗЫҢЫЗДАР. БӘРІ ДЕ УАҚЫТША ТУЫНДАҒАН ҚИЫНДЫҚТАР ҒОЙ», – ДЕГЕН КЕШЕГІ ЕЛ БАСҚАРҒАН ЕЛЕУЛІ АЗАМАТТЫҢ СОНДАҒЫ ӨСИЕТ СӨЗІ МЕН АМАНАТЫ ЕСІМІЗДЕ...

қайырылып тастаулы. Кішкене өткір көздерін Бас әңгімешіміз — Димекенге қадап, селт етпестен сабырлы отырды. Қазақстандағы қалам ұстаған барлық әріптеске бұ Жөкеннің есімі жақсы таныс. Мәскеудегілер де... 1970-інші жылдардың аяғы болса керек, КСРО-ның бас газеті «Правданың» меншікті тілшісін ақиқаттан алшақ кетіп өтірік жазғаны үшін «Жетісу» газетінде «Кенеден келген кесел» атты фельетонымен «өлтiре» сынаған осы Жөкен ағамыз емес пе?! Сол үшін өзі де жұмыстан қуылады. Жергілікті (*Алматы облыстық*) партия комитеті «Правда» мен оның тілшісіне шаң жұқтырмай, ақиқатты іздеген өз тілшісін нақақтан-нақақ құрбан етіп, «жаудың» аяғына жығып берген ғой. «Мәскеу түшкірсе, Алматының тұмауратып жатып қалатын кезі», Жолдасхан Бозымбековтің ақиқаттың ақ туын көтерген мақаласы өзіне кесел болып жабысқан. Мәселе былай болған: ғылым жолына түскен алматылық В. есімді бір бикеш кене туралы ғылыми еңбегінде тәжікстандық әріптесінің бірнеше жыл бұрын жазылған диссертациясын айна-қатесіз көшіріп алып, ғылым кандидаттығын Мәскеуде қорғаған. Ол еңбекті «Правданың» тілшісі аспанға шығара дөріштеп, «плагиат-авторын» мадақтап мақала жазған. Жолдасхан ағам тілшінің мәскеулік лауазымына қарамастан, «көшірме» туралы асығып жазып, асылық жасағаны үшін оны аяусыз сынаға алады. Мақаланы асықпай зерттеп жазудың шебері еді ғой, қайран Жолдасхан ағам! Редакциядағы жастар жағы әрдайым Жөкен ағамызға еліктегіміз-ақ келетін... Ағамыз шын мәнінде, баспасөз саласының қаламы өткір нағыз көзсіз батыры еді! Кеңес Одағы тұсында ел басқарып отырған Орталық Комитеттің бас басылымының тілшісін сынау ОК-нің өзін қаралау емес пе, ойбай?!

Қысқасы... Мәскеудегі ОК жанындағы Партиялық бақылау комитетінің «кенеге қатысты» арнайы ұзақ құрылған, ұзақ тексерген комиссиясының әділетті атқарған жұмысының арқасында Жолдасхан ағам араға уақыт салып, қолына қаламын қайта алады... «Бүкілодақты шулапқан» қайсар қаламгер Жолдасхан аға Бозымбековке қатысты ол оқиғадан ел басқарып отырған Димаш Ахметұлының хабарсыз болуы өте мүмкін емес-ті. Дегенмен әңгіме осы жерден басқа бағытқа қарай өрбіді.

«Қазақстан қазір ауыр халде, өндіріс тұралаған, азық-түлік тапшылығы сезіліп тұр. Бірақ, сіздер маған сеніңіздер, бұл қиындықтан шығуға еліміздің — Қазақстанның әл-ауқаты да, шамасы да, былайша айтқанда, мемлекеттік қоры жетеді. Халыққа сабыр айтыңыздар. Газеттеріңізге осы туралы көбірек жазыңыздар. Бәрі де уақытша туындаған қиындықтар ғой», — деген кешегі ел басқарған елеулі азаматтың сондағы өсиет сөзі мен аманаты есімізде...

Дастархан басында жалғыз Жөкеннен басқа бір адамға мадақтаудан басқа, мақтау немесе даттау айтылмады. Тек әлденеше рет Зұхра



апамыздың жан-жүрегі жадыраған тамаша жан екені еске алынды.

Ләйла Мұхтарқызы ас үйден қайта оралып келгенде Димекен: «Ет дайын болып қалыпты» делі. Ағаларымыз бірауыздан, бірдауыстан «шу» ете түсті. «Жо-жок, рахмет!..»

Ең үлкеніміз әрі бүгінгі сапарымыздың белсенді көшбасшысы Мұғалімбай ағам Димекеннің рұқсатымен сөз алып, алдымен ол кісіге алғысын білдіріп, сосын қолын жайды. «Бұл шаңырақта ендігі жерде қуаныш болсын, дастарханына ырыс толыссын, Зұхра жеңгеміздің жатқан жері жаннатта болсын» деп бата берді, бәріміз бет сипалдық.

Өң мен түстей болған осынау уақыт мөлшерінің тәмамдалар сәті де келіп жетіпті! Кезегімізбен Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қолын қысып, қоштастық. Тарихтың қолын қысып тұрғанымызды білмедік...

Талғат СҮЙІНБАЙ, Алматы



БӨРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq gazeti мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – ерекше жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз жөне тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Бүгінде қатысушыларымыз қолына қалам алып, өздерін толғандырып жүрген ой-толғамдарын қағаз бетіне қымсынбай түсіретін болды. Оқырман назарына курсқа қатысушы Гүлхая Жұашбаеваның кітап туралы толғанысын ұсынамыз.

Кітап – менің ақылшы досым. Кітап – білім-ғылымның қайнар көзі. Мен өзім бала кезімнен жанымға медеуді кітаптан іздейтінмін.

Қазіргі кезде жана технологиялардың дамуына қарамастан, кітаптың алатын орны мен үшін өзгермейді. Өйткені ол өзгеше бір әлемге, терең ойлауға жетелейді. Кітап бетін ашқан сайын оның әлемінің тылсым табиғатын, жана құндылықтарын үйренесін.

«Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол» деп текке айтылмаған шығар. Кітап оқыған адамның шетте қалмасы анық. Өмірге келген жас бала негізінен үш ортада тәрбие алады. Ол – отбасы, жүрген ортасы және білімі. Бала үзбей кітап оқыса, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ұғады, неден үйреніп, неден жирену керек

екенін түсінеді. Халқымызда «Кітап – рухани азық» деген сөз бар. Кітап білім құя отырып, ақыл-ойымызды тәрбиелейді.

Кітап – адамгершіліктің қайнар көзі. Себебі жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажыратып, қуаныш пен мұңды терең сезіне аласың. Кітаптағы кейіпкерлерден көп нәрсе үйренуге болады. Олармен бірге қуанамын, жылаймын, олардың жақсы іс-әрекетіне сүйсініп отырамын.

Анам да үнемі маған «Кітап – сенің досың, өмірлік үлкен тәрбиешің, үйретуші ұстазың» деп айтып отырады. Сондықтан біздің кітаптан үйренеріміз өте көп, кітапты оқу арқылы әлемнің әр түрліріне саяхат жасап, өмірді танып, қаншама кейіпкерлер арқылы адамның бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді ажыратамыз.

Біздің үйімізде үлкен кітапхана бар. Онда қасиетті Құран кітабынан



бастап, данышпан Абайдың еңбектері, казактың бір туар ақын-жазушылары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Есенберлин, Мұқағали Мақатаевтың шығармалары, одан бөлек, «Жерұйық

мекен – Жетісу» энциклопедиясы, балаларға арналған түрлі ертегілер, танымдық энциклопедиялар бар. Мен былтыр жазушы Оралхан Бөкейдің әңгімелері мен Мұқағалидың өлеңдерін қайта оқып шықтым. Кітап сөзі ешқашан ескірмейді. Сондықтан кітапты қастерлеу керек.

Замана легіне теледидар ілесті, қоғам көшіне ғаламтор нелік ете бастады. Бұлар адамзат өміріне кітаптан кейін келген дүниелер еді. Бірақ, бір қызығы, теледидар да, ғаламтор да кітаптың орнын алмастыра алған жоқ. Оқырман санын кемітті деген сөз алмастырды дегенді білдірмейді. Кітап өзінің әу бастағы тұғырында қала береді. Адам теледидар алдынан

немесе ғаламтордан шықпауы мүмкін. Соған қарамастан, оның жан-дүниесі рухани жағынан жұтаң болуы мүмкін. Өз басым мұны кітап оқымағаннан деп білемін. Себебі басты рухани байлық – кітапта. Қазір кітап оқимын

деген адамға барлық мүмкіндік жасалған. Аудио арқылы да кітап әлеміне сүңгіп кетуге болады.

Ақпарат пен техника дәуірі, жаңа технологиялар дамыған заманда кітап білім беруші құрал ретінде қала береді. Уақыт тұрғысынан алғанда ол ғаламтордан ұтылуы мүмкін, бірақ терең сезінуге, ойлауға үйретеді. Ізденімпаздыққа жетелейді, ой-өрісін ұштайды.

Сонымен бірге кез келген қызметкердің, соның ішінде мемлекеттік қызметкердің шешендік өнеріне де, аудиторияны өзіне қарата, тарта білуіне де кітаптың көмегі өте зор. Өйткені ол – тіл байлығын қалыптастырушы құрал. Кітаптың тәлім-тәрбиелік, имани құндылықтарды адам бойына сіңіре алатындай қасиеті теледидар мен интернеттен жоғары тұрмаса, кем тұрмақ емес.

Сондықтан кітап – бүгінгі күн тұрғысынан алғанда да маңызын жоймаған құрал. Ендеше, қоғамның сан-салалы мақсаттарының ішіндегі ажырамас бір мақсаты – үнемі жас оқырман тәрбиелеп отыру. Бұл оқу орындары үшін де, басқа да қоғамдық ұйымдар үшін де абыройлы әрі үздіксіз жүре беретін міндет болмақ.

Гүлхая ЖУАШБАЕВА



Біздің букмекерлердің, мемлекет араласпай-ақ, жауапты ойын қағидаларын енгізуге бет бұрғаны көпшілік үшін таң қаларлық болуы мүмкін. Егер клиент өзін-өзі игере алмай, шексіз құмарлыққа салына бастаса, букмекер оның дер көзінде тоқтауына көмектеседі. Сол арқылы ойыппаздың ақшасы мен ар-ұятын сақтап қалуға ықпал етеді.

ЗАҢ МЕН НҰСҚАУ КҮТПЕДІ

Еуропада спорт оқиғасының нәтижесіне бәс тігуге жұрт жаппай кіріскенде көп жылдар бойы бұл жергілікті биліктің назарынан сырт қалды. Көніл аударған күннің өзінде тек қаржы жағы қызықтырды. Ұлыбритания, Испания, Италия, Франция сияқты «бәс тіккесе, басы ауыратын» елдерде спорт фанаттарының құмарлығы қазынаға қомақты қаржы түсіреді. Ондағы заңнамашы әр бәс тігуден тиімді салық түсімін қамтамасыз ететін тетіктерді енгізіп қойған. Салық түсімі жағынан беттинг индустриясы Еуропада соңғы 10-15 жылда машина жасау және банк жүйесімен бәсекеге түсе алады. Былайша айтқанда, құлды сауын сыыр дерсін.

Бюджеттің бүйірін кампайту, спорт клубтары мен федерацияларға жаппай демеушілік жасаудан басқа, букмекерлер, сондай-ақ үлкен спортты сыбайлас жемқорлықтан да арылтты. Өйткені олар өзара келісілген матчтардың өтуіне мүдделі емес еді, бұл оларды біраз шығынға ұшыратты. Букмекерлер мен мемлекеттің бірлесіп әрекет етуі шынында да өзара тиімді болды. Спортқа бәс тігуге ой-санасы әлі қатпаған жасөспірімдер көптеп тартылғанда ғана билік букмекерлердің әлеуметтік жауапкершілігі туралы ойлана бастады. Букмекерлерлік кеңселерге тиісті талаптар енгізуге мәжбүр болды.

Осылайша Еуропаның дамыған елдерінде жауапты ойын қағидалары жоғарыдан енгізілді. Мемлекеттер заң жүзінде букмекерлерді белгілі бір ережелер мен стандарттарды ұстануды міндеттеді. Сол арқылы спортқа бәс тігуге жаппай құмарлықтың әлеуметтік тәуекелін төмендетуді көздеді.

Ал біздің елімізде жағдай мүлде басқа. Бізде әзірге букмекерлерге ойыншылардың іс-қимылын қадағалап, шектен тыс құмарлығын дер кезінде тежеуді талап ететін ешқандай заңнамалық талап жоқ. Бір жағынан, ондай талаптың қажеті не? Қалай бәс тіксе де, ұтылса да әркімнің өз шаруасы. Букмекерге бұл қайта тиімді емес пе? Ә жоқ, отандық букмекерлер қауымдастығы жоғарыдан ешқандай нұсқау күтпей-ақ, жауапты ойын қағидаларының тәжірибесін енгізе бастады. Олар өзінің қаржылық мүддесін ысырып тастап, қоғам мүддесін ойлағандықтан осындай қадамға барып отыр.

ЖАУАПТЫ ОЙЫН ДЕГЕН НЕ?

Елдегі барлық букмекерлік кеңселер Қазақстан букмекерлері өзін-өзі реттеуші ұйымына (*ҚБӨРҰ*) мүше. Қазіргі кезде

халықаралық тәжірибеде қолданылатын «жауапты ойын» құралдары қолданысқа енгізілген. Бұл құралдар әбден уақыт сынынан өткен. Оның мақсаты – ойыннан туындайтын жағымсыз әлеуметтік әсерді төмендету.

«Егемен Қазақстан» басылымы жолдаған сауалға ҚБӨРҰ былай жауап берген еді: «2019

жасқа жетіп жатыр. Әрі заң тұрғысынан бұл Қазақстан аумағындағы бүкіл ойын бизнесін ұйымдастырушыларға өтініш беру дегенді білдіреді. Ойын бизнесін ұйымдастырушы өтінішті қабылдап, тіркеген соң оның көшірмесі бес жұмыс күнінен кешіктірілмей, құзырлы органға жөнелтіледі. Шектеу мерзімі аяқталғанға дейін

Құмарпаздықтан бас тарту: жауапты ойын деген не?



жылы букмекерлік қауымдастық тарапынан өзін-өзі шектейтін ойыншылар тізімін жасау және бұл норманы ойын туралы заңға енгізу туралы бастама көтерілді. Сонда ойыншылардың өзін-өзі шектеуіне немесе бәске қатысудан бас тартуына алты айдан бір жылға дейін мүмкіндік беріледі. Ұйымға мүше букмекерлік кеңселердің сайттарында ойынға тәуелділіктің алдын алу мақсатында сұрақ-жауап (*анкета*), құмар ойындарға тәуелділікті төмендету мен анықтау туралы нұсқаулықтар шығарылған. Сондай-ақ ұйым лудоманияны емдеу саласында реабилитациялық орталықтармен байланыс орнатты. Көмектесе толмағандар мен 21 жасқа дейінгі азаматтардың арасында құмар ойындардың кесірін түсіндіріп, ескертуге арналған алдын алу бағдарламаларын әзірлеу қолға алынды.

2019 жылы дәл осы букмекерлік қауымдастықтың бастамасымен «Ойын бизнесі туралы» отандық заңға өзін-өзі шектеу туралы жана норма енгізілген болатын. Бұл ойыппаздыққа беріліп, құмарлығын тежей алмайтын адамдардың өзін-өзі шектеп, қаржысын сақтауына мүмкіндік береді.

«Осы норманың арқасында клиент букмекерлік кеңселердің бірінде өзін-өзі шектеуге өтініш берсе, басқа букмекерлерді былай қойғанда, казинода да ойнай алмай қалады», – дейді ҚБӨРҰ өкілі. – 2019 жылға дейін біздің адамдарда мұндай мүмкіндік болған жоқ. Қазір құмар ойындарға қатысуға өзін-өзі шектеу үшін кез келген ойын бизнесін ұйымдастырушыға өз еркімен өтініш

клиент оны әрмен қарай созу туралы шешім қабылдаса, мерзімін ұзарта алады. Өзін-өзі шектеу мерзімі аяқталғаннан кейін құзырлы мекеме құмар ойындарға қатысуға шектеу қойылған азаматтардың тізімінен шығаралы.

Айта кету керек, өзін-өзі шектеу – жауапты ойын қағидасының әлемдік тәжірибесінде қолданылатын құралдардың кішкентай ғана бір бөлігі. Бүгінде бұл тәжірибе біздің елімізде де құлашын кең жайды. ҚБӨРҰ өкілі атап өткендей, тұтас алғанда, Қазақстандағы букмекерлік қауымдастық халықаралық тәжірибеде таралған құралдардың негізгі бөлімін қолданып жатыр. Ұйым клиенттерге жана мүмкіндіктер ұсынатын жауапты ойын құралдарының аясын кеңейту бағытындағы жұмысын тоқтатқан емес. Жауапты ойын болашақта Қазақстан букмекерлер қауымдастығының тұғырына айналатынына сенімді.

ӨЗІН-ӨЗІ ТІЗГІНДЕУ: КІМ ҮШІН МАҢЫЗДЫ?

Көптеген бақылаушылар соңғы кезде еліміздегі қоғамдық-ақпарат кеңістігінде дәл осы ойын бизнесінің әлеуметтік қыры жан-жақты талқыға түсетінін байқалды. Мұнда қызу пікірталас жүріп жатыр. Билік тізгінін ұстаған кейбір тұлғалар, тіпті биік мінберден күмәнді деректер келтіруге дайын. Мәселен, өткенде Мәжіліс депутаттары Рамазанова мен Смышляеваның депутаттық

сауалында Қазақстандағы 10 ажырасудың 7-уі отағасының ойыппаздығы кесірінен деген мағлұмат келтірілді. Шындыққа жанаспайтын мұндай көрсеткішті қайдан алғаны белгісіз, оны сауалдың авторлары нақты айтқан да жоқ. Олардың бұл мәлімдемесі сарапшы саясаттанушылардың Парламенттегі сараптамалық жұмыстың деңгейі туралы сауал қоюына әкеп соқтырды. Негізгі мұндай мәліметтер жоғары деңгейде жария етілгенде сырттағы жұрт Қазақстанда жаппай ойыппаздыққа берілген құмарпаз ұлт тұрады деп ойлап қалуы да мүмкін ғой. Әрине, біз олай емес екенін білеміз. Статистика бойынша, 18 жасқа толған әрбір екінші итальяндық немесе ағылшын тым құрығанда айына бір рет бәс тігетін жағдай бізде қалыптаса қойған жоқ.

Бірақ, соған қарамастан, мұндай мәлімдеме біздің қоғамды ойыппаздық мәселесі қатты толғандыратынын көрсетеді. Бұған көз жұмып қарауға болмайды. Бір қызығы, қоғамдағы алаңдаушылыққа ең алдымен ойын индустриясының өкілдері ерекше мән береді.

Букмекерлік салада клиенттердің ойыппаздық деректері дәстүрлі құмар ойындары саласында (*рулетка, покер, лотерея*) 8-10 есе аз тіркелсе де, алаңдауға негіз жоқ деуге де болмайды. Өкінішке қарай, түйткіл бар. Әсіресе, бәс тіккеннен кейін ақшаның астында қаласын деген ертегіге сенетін аңқаулар көп. Бәс тігуге жанадан құмартқандар «жұмысқа емес, ұтысқа сенуге» бейім тұрады. Сондықтан да букмекерлік кеңселер соңғы кезде

құмарлықтың жетегінде кетіп, бөрінен айрылғандарды тежейтін арнайы шараларды қолға алды. Атап айтқанда, бұл – бір бәстің ағымдағы мөлшеріне немесе бәс тігуде пайдаланылатын банк көлеміне бір күнге, бір аптаға немесе бір айға шектеу қою. Сондай-ақ букмекер сайтында өткізетін уақытқа лимит қою. Ол бойынша белгілі бір уақыт өткенде келесі күнге дейін ол сайтқа кіре алмайсыз. Ұтылғаннан кейін белгілі бір мерзімге дейін бәс тіге алмау жағы да қарастырылған.

Осы құралдардың барлығы, қайталап айтамыз, пайда жағынан букмекерге тиімді емес. Керісінше, олардың табысы құмарлыққа жан-тәнімен берілген, қайтсе де ұтқысы келетін, сол үшін соңғы жейдесін шешіп беруге дайын ойыппаздардың есебінен молайды. Бірақ отандық букмекерлер бүгінгі күні қалтасын кампайтуды емес, ең алдымен беделін ойлайды.

Олжабек БАЙҚУАТОВ

Әріптесіміз, журналист Ақын Ордабай-ұлына ағасы

АЛТАЙДЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Jas qazaq gazetінің ұжымы

Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА – экономика, нарық Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Мерген ТОҚСАНБАЙ – Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34) Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82) Нұргүл НАСЫР – Атырау облысы (8 702 959 80 08) Мөлдір КЕНЖЕБАЙ – Шымкент қаласы (8 776 238 55 94) Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалалық көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс – №1087; Бағасы келісім бойынша Таралымы – 5000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.</i> <i>Jas qazaq gazeti «Караан», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	--	--	--